

Абзал ҚҰСПАН:

ИСЛАМ ӘБІШЕВТІ СОТТАУҒА ЕШҚАНДАЙ БҰЛТАРТПАЙТЫН ДӘЛЕЛДЕР ЖОҚ!..

10-11-бет



ТЕМІР ЖОЛЫМЫЗҒА НЕМІСТЕР ТӘРТІП ОРНАТАДЫ

2-бет



ДЕПУТАТЫ «АК ЖОЛА» ДОБИЛИСЬ ЛИКВИДАЦИИ «АСТАНАЭНЕРГОСЕРВИС»!

6-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №34 (852), 16 qyrkúıek, 2019 jyl




## ЖОҚШЫ ІЗБЕН КЕЛЕДІ

– Біреулер «Ақселеу Сейдімбеков маңайына өз адамдарын жинап жатыр...» деп жоғары жаққа шағымданған көрінеді, – деді Ақаң маған арқасын берген күйі, қарсы қабырғадағы радиоқабылдағыштың сұңқылдақ даусын бәсеңдетіп тұрып. Орнына қайтып келіп отырды. – Бірақ мен сені өзіме жұмысқа аламын, – деді кішкене қатуланып. Осы сәт сертке бергісіз және бір сөзді ішіне бүккендей болып көрінді маған.

8-9 бет

Қазыбек ИСА:

# КОНСТИТУЦИЯДАН ОРЫС ТІЛІ ТУРАЛЫ БАПТЫ АЛАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ
## СОНДА ҒАНА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ДАМИДЫ






5 бет

Қандай тіл болмасын, алдымен балабақша мен мектеп қабырғасында қанаты қатаяды. Мектебімізде шет тілін бірінші сыныптан оқыту туралы келешегімізге кесір келеңсіздікке бұрыннан қарсылығын танытып келе жатқан Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев мұғалімдердің тамыз кеңесінде бұл мәселеге нүкте қойды десек те болады. Енді ата-аналар қалауымен шет тілін екінші-үшінші сыныптардан немесе бесінші сыныптан кейін оқыту мәселесі күн тәртібіне шықты. Негізі бір тоқтамға келіп, шет тілін бастауыш сыныптан кейін оқыту дұрыс деп білеміз.




## АЗИЯ ЖАЗУШЫЛАРЫ ТҰҢҒЫШ ФОРУМЫНЫҢ АЙТАРЫ КӨП

«Ортақ тамыр. Ортақ дүниетаным. Ортақ өркениет» деп аталған қаламгерлер форумының алғашқы сөзін Оңтүстік Корея жазушысы, Нобель сыйлығының номинанты Ко Ын сөйледі. Қазақша амандасқан ол: «Қазақтар атың болмаса да, ер-тұрманың болсын» дейді екен. Менде оның екеуі де жоқ, бірақ Қазақстанға, Ұлы далаға деген ыстық ықыласым бар» – деп бастады сөзін.

3 бет



## АРША БЕСІКТІҢ ҚҰДІРЕТІ
*немесе Шерхан Мұртазаны сағыну*

15 бет

## НЕОБХОДИМА ГОСПРОГРАММА ПО 55 КИТАЙСКИМ ПРОЕКТАМ



11-12 сентября президент РК Касым-Жомарт Токаев находился в Китае с государственным визитом. Президент Касым-Жомарт Токаев и Председатель КНР Си Цзиньпин провели переговоры, по итогам которых был подписан ряд документов, в том числе Совместное заявление о развитии всестороннего стратегического партнерства на новом этапе. Визит Токаева совпал с очередным всплеском обсуждения «55 китайских заводов» в нашей стране: это решение ныне вошло в фазу практического воплощения.

12 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# ІСКЕРЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАЛҒАСАДЫ

**Іссапармен Күнасты еліне барған Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесінің 6-шы отырысына қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара сенім мен тиімді ынтымақтастыққа негізделген тату көршілік қарым-қатынастардың қалыптасу тарихын атап өтті.**



– Қытай – Қазақстанның сыртқы сауда және экономика саласындағы аса ірі серіктестерінің бірі. Мұның айқын дәлелі – елдеріміз арасындағы сауда айналымы былтыр 11,4% артып, 12 миллиард долларға жетті. Тәуелсіздік жылдары Қытай Қазақстанға 20 миллиард долларға жуық инвестиция салды. Біз бүгінгі Іскерлік кеңестің 6-отырысын екі ел арасындағы іскерлік және инвестициялық әріптестіктің зор әлеуетін одан әрі кеңейтуге мүмкіндік беретін маңызды шара деп есептейміз, – деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы Қазақстанның инвестициялық ахуалын мейлінше қолайлы етуге бар күш-жігерін жұмылдырып отырғанын айтты. «Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингі бойынша Қазақстан әлемдегі 190 мемлекеттің ішінде 28-ші болып, алғашқы отыздыққа кірді. Тәуелсіздік жылдары ішінде еліміздің экономикасына 300 миллиард доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан Орталық Азия өңірінде көш бастап тұр», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

# ҚОС АЛЫПТЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

**Ақордада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.**

«Абай – XIX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырдың сөзі мен ойын айтқан адамзаттың данасы. Абай – ұлттық санаға жаңа серпін беріп, білім мен ғылымды, еңбек пен табандылықты дәріптеген кемеңгер Ұстаз. Абай – қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырған Ұлы ақын. Абай – Шығыс пен Батыс дүниетанымын қазақша сөйлеткен тұлға. Әрбір қазақ Абаймен мақтанып, Абайдай болуға талпынуы керек» – деген Мемлекеттік хатшы Мемкомиссияға Мемлекет басшысына үш бастамамен шығуды ұсынды: Семей қаласындағы әуежайға Абай есімін беру; Әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықты Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп өзгерту; Қазақстанның елшіліктерінің базасында «Абай орталықтарын» құру.

Отырыста сөз сөйлеген Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлова, Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Абаев, Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Е.Сыдықов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.Ахметов, Ұлттық аударма бюросының атқарушы директоры Р.Кенжеханұлы жоспарланған іс-шаралар мен жобалар туралы баяндады.



Мерейтой барысында «Абай-Шәкәрім» мавзолей кешені, Абайдың музей үйі, Құнанбай қажы әулетінің қорымы жөндеуден өткізілмек. Облыс әкімдігі Абай ауданындағы бірнеше жол учаскелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Абай шығармалары шетелдердің іргелі тілдеріне және түркі халықтарының тілдеріне аударылып, жарыққа шығарылады. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы деректі фильмдер түсіріледі және басқа да көптеген шаралар қарастырылған.

Сондай-ақ, Мемлекеттік хатшы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысын өткізіп, оның мұрасы әлемдік өркениеттің игілігі болып табылатынын атап өтті. Мерейтой шеңберінде Ұлы ұстаздың еңбектері аударылып, жарыққа шығарылады, деректі фильмдер мен телерадио бағдарламалар түсіріледі. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында, ғылыми және мәдени ұйымдарында халқымыздың даңқты тұлғасының мұраларын насихаттауға бағытталған конференциялар, симпозиумдер және басқа да көптеген білім, мәдени акциялар өтеді.

# АЙЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ АНЫҚТАЛЫП ЖАТЫР

**Қазақстандық пен шетелдік азаматтар арасындағы жалақы айырмашылығы ақыры айқындалды Шетелдік жұмысшылар жергілікті мамандардан жалақыны екі есе көп алатыны белгілі болып отыр.**



Шетелдік компанияларда арнайы тексеру жүргізген Бас прокуратура мен Еңбек инспекциясы жылдар бойы жұмысшылар шулап келсе де осыған енді ғана көз жеткізіпті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтың айтуынша Бас прокуратура мен Еңбек инспекциялары 63 мекемеде тексеру жүргізіп жатыр. Оның 38-інде тексеру аяқталған. Өкінішке қарай, соның 19-ында 161 факті осындай қазақстандық пен шетелдік азаматтар арасындағы жалақы айырмашылығы айқындалып отыр. Негізі, екі есе деген ресми мәлімет қана айтылды. Іс жүзінде 4-5 есе кем алып жүргенін қазақстандық жұмысшылар талайдан бері айтып та, тиісті орындарға жазып та келеді. Ал заң бойынша қызметкерлерге жұмысқа кіргенде ұлты мен азаматтығына қарамастан теңдей жағдай жасалуы тиіс. Айта кетсек, жуырда Маңғыстауда «М-Техсервис» компаниясының жұмысшылары жалақыларын 65 пайызға көтеру туралы талап қойған еді. Компания басшылығы келісіп хаттамаға қол қойғанымен, іс жүзінде орындамаған. Қазір бұл мәселемен тиісті министрлік және облыс басшылығы айналысып жатыр. Осы жағдайдан кейін Бас прокуратура мен Еңбек инспекциясы барлық шетелдік компанияларды тексеруге кіріскен болатын.

Дәурен АБАЕВ:

# МАҚСАТ – ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МЕДИА САУАТЫН АРТТЫРУ

**ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев Astana Media Week апталығын ашып, Орталық Азияда баламасы жоқ бұл басқосудың отандық медиа саласын дамытуға қосатын үлесі жоғары болатынына сенім білдірді.**



Министр мемлекеттік мүддені халыққа жеткізіп, қоғамдағы өзгерістерге сай көзқарас қалыптастыруда медиа саласының атқарар маңызы зор және осы орайда, еліміздің ақпараттық құралдары алдында үлкен мақсат-міндеттер тұрғанын алдымен атап өтті. Бұл ауқымды шараның көздеген тағы бір мақсаты – ел тұрғындарының медиа сауаттылығын арттыру, медиамәдениетті қалыптастыру. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі масс-медианың сапасын арттыратын кез келген бастаманы қолдауға әрқашан дайын екенін жеткізді ведомства басшысы. Оның айтуынша, медиа саласындағы өзекті мәселелер жылдан-жылға көбейіп келеді. Оның басты себебі - ақпаратты өндіру мен тұтыну процесінің түбегейлі өзгеруі. «Ұялы телефонның теледидармен және басылымдармен бәсекеге түскені баршамызға белгілі. Бұл процесте технологиялық немесе маркетингтік қана емес, этикалық, демографиялық және әлеуметтік-саяси ерекшеліктері де бар. Мойындау керек, мемлекет үлкен және икемсіз бюрократиялық механизм ретінде бұл өзгерістерге біз ойлағандай жедел жауап бере алмай отыр. Сондықтан, біз үшін, мемлекеттік органдар үшін қазіргі өзгерістерге жауап беру үшін сіздердің, кәсіби мамандардың пікірі мен көзқарасы өте маңызды», – деді Дәурен Абаев.

# ТЕМІР ЖОЛЫМЫЗҒА НЕМІСТЕР ТӘРТІП ОРНАТАДЫ

**Темір жолдағы келеңсіздіктерді жоюға неміс мамандары шақырылып, саладағы билет жетіспеушілігін, вагондарды және сапасыз қызметті жөнге келтіруге кірісіп кетті.**



Жылдар бойы ҚТЖ-ның топменеджерлерінің қолынан келмеген шаруа енді – немістерге тапсырылды. Шетелдік мамандарға қанша ақша төленетіні ашық айтылмай отыр. Қайрат Асқаров, «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директорының орынбасары: – Шетелдік компанияға төленетін ақша біздің қаншалық жақсы пайда түсіретінімізге байланысты. Ал бізге келіп орналасатын қызметкерлер біздің штаттық кестемізге сай жалақы алады. Олар маркетинг, сауда сияқты бөлімдерге орналасып қызмет атқарады. ҚТЖ мен германиялық «Дойче Бан» компаниясы бірнеше жылдан бері бірге жұмыс істеп келеді. Бұл жолы ұлттық компания неміс мамандарының үлкен көмегіне жүгініп отыр. Олар жүйелі түрде қалыптасқан теміржолдағы билет тапшылығын жойып, пойыздардағы қызмет сапасын жақсартуы керек.

Жаңа тағайындалған шетелдік бас директор Михаэль Кортюм 14 қызметкерін ертіп келген. Германиядан келген басшы «Тальго» пойызына мініп Алматыға жол тартпақ. Мақсат – пойыздың жай-күйімен танысу. Келесі аптада бүкіл Қазақстанды аралауға шығады. «Келесі аптада қарапайым пойыздарға мініп, бүкіл Қазақстанды аралап шығуды көздеп отырмын. Сол вагондарда жолаушылардың қандай жағдайда жүретінін өз көзіммен көремін. Қазірдің өзінде «Тальго» вагондары бойынша келісімшартты қайта қарап, біркатар жеңілдіктерге қол жеткіздік. Бағаның арзандауы алдағы уақытта сезіледі», – деді неміс басшы. Пайдасы мол саланы басқара алмай қарызға батырған біздің мамандардың беті неге қызармайды. Апырмау, сонда біздің қолымыздан не келеді өзі?...

# РЕКТОР ДА ПАРА БЕРЕДІ ЕКЕН

**Евней Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры істі болып жатыр. Азамат Едірісов Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Ғылым қоры» акционерлің қоғамының басшысына 5 мың доллар пара берді деген күдікке ілінді.**

53 жастағы Азамат Едірісовтің аталмыш қызметке тағайындалғанына 7 ай ғана болды. Оның алдында Білім минситрлігінде, кейін Назарбаев университетінде лауазымды қызмет атқарған. Қазір ол денсаулығына байланысты уақытша жұмысында жоқ. Тергеу мәліметінше, ректор министрлік жанындағы «Ғылым қоры» компаниясының бұрынғы басшысы Әнуарбек Сұлтанғазинге пара берген. Сұлтанғазин Едірісовтен 5 мың долларды ғылыми жобаларды қаржыландыруға қолдау көрсету үшін алды деп айыпталып отыр. Ия, бізде пара беріп, пара алу күнделікті көрініске айналғалы қашан. Соған қарағанда жемқорлыққа қарсы күресетін ресми органдардың қызметкерлері оларды ұстауға үлгермей жатқанға ұқсайды.

# АЗИЯ ЖАЗУШЫЛАРЫ ТҰҢҒЫШ ФОРУМЫНЫҢ АЙТАРЫ КӨП

### ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛУ АУДАРМА МЕН БАСПА БИЗНЕСІНЕ ТӘУЕЛДІ

«Күркіреп күндей, өтті ғой соғыс» деп, дауылпаз Қасым ақын жырлағандай, Азия жазушыларының тұңғыш форумы да үш күн бойы дүркіреп өтті.

Астанамыз Нұр-Сұлтан қаласында 4 қыркүйекте басталған бұл форумға 38 елден 78 жазушы келді... Өз елімізден 250-ге жуық қаламгер қатысты.

Халықаралық үлкен форумға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып сөз сөйледі. Жазушылардың Азиялық тұңғыш форумын жазушының баласы Қасым-Жомарт Кемелұлының ашуы да жарасып кетті. Президент Азия жазушыларына арнап, «Азия алыбы» атты халықаралық сыйлық тағайындауды бекітті.

«Ортақ тамыр. Ортақ дүниетаным. Ортақ өркениет» деп аталған қаламгерлер форумының алғашқы сөзін Оңтүстік Корея жазушысы, Нобель сыйлығының номинанты Ко Ын сөйледі. Қазақша амандасқан ол: **«Қазақтар атың болмаса да, ер-тұрманың болсын» дейді екен. Менде оның екеуі де жоқ, бірақ Қазақстанға, Ұлы далаға деген ыстық ықыласым бар»** – деп бастады сөзін.

Одан соң Моңғолия қаламгері, Халықаралық «Алтын Қалам» сыйлығының лауреаты Манд Оео сөйледі. Бұл ақынның бастамасымен 2017 жылы Моңғолияда Дүниежүзілік Поэзия фестивалы, Әлемдік ақындар Конгресі дүрілдеп өткен болатын. Оған Қазақстаннан Ұлықбек Есдәулет бастаған бес ақын қатысып қайтқанымыз баспасөзде кеңінен жазылған.

**«Киплинг Батыс пен Шығыстың арасына қорған бар десе, Рерих ол қорғанды құлату керек. Дәл қазір Батыс та жоқ, шығыс та жоқ, тек Азияның жүрегі соғып тұр»**деген ол **«Азия жазушыларының әлемге танылуы аударма мен баспа бизнесіне байланысты»** екенін айтты.

Әзірбайжанның әйгілі жазушысы Анар Расулоглы Рза әзірбайжанның ұлы ақыны Низамидың қыпшақ қызы Аппақка ғашық болғанын айтты.

**«Түрк әлемінде әлемдік деңгейдегі Науайы, Абай, Мақтұмқұлы ақындар бар.**

**Бірақ Шекспирге тең драматург жоқ. Манас жырына Гомердің «Одиссейі» де тең келмейді. Ал Қорқыт жыры «Одиссейден» бұрын шыққан.**

**«Қорқыт жырының» ең алғашқы жазбаша ескерткіш екенінің дәлелі – әрбір жырдың соңында «Қорқыт мұны жазды» деп қайырып отырады. «Қорқыт жырына 1300 жыл толып кетті. Бұл датаны ЮНЕСКО дәлелдеген. Бұл – біздің ортақ тарихымыз»** – деді. Қырғыздардың Манастың 1000 жылдығын тойлаған тойында Әзірбайжанның сол кездегі Президенті Гейдар Алиевтің бүкіл түркіге ортақ әулие, абыз, қобыз атасы Қорқыт бабаның 1300 жылдығын өткізу туралы ұсыны айтқанын жеткізді әйгілі жазушы.

**Ал Қорқыт бабаның мазары біздің Қазақ жерінде, Сыр бойында, Қызылорда облысында жатқанын, ол жерде қазір «Қорқыт баба» атты сәулеттік-мемориалдық кешен бар екенін ойласақ, Қорқыт бабаның мерейтойын алдымен Қазақ Елі атап өтуі керек екені көзге ұрып, көлдене сайрап тұрған жоқ па?**

Жалпы алғашқы болып сөйлеген үш қаламгердің сөздері маңыздылығымен ерекшеленді.

### МЕКТЕПТЕ ӘДЕБИЕТ САБАҒЫН КӨП ОҚЫТУ КЕРЕК

Үнді жазушысы, Халықаралық Оңтүстік Азия сыйлығының иегері Амар Мирта мифтер туралы толғады.

Катардан келген әлемге әйгілі кітаптардың авторы, әйел құқы жайлы сөйлеген Моза Алмаки: «Мен араб және ағылшын тілдерінде жазамын. Бірақ бұл




жерде тек ана тілімде, арапша сөйлеймін» деді. «Елдің Ыбырайы – Ыбырай», – деп бір күрсініп қойдық.

Босқа күрсінбеген екенбіз, айтып ауыз жиғанша артынша сөзге шыққан қазақтың әйгілі ақыны Олжас Сүлейменов Ресей тілінде сөйледі...

**«Мемлекет әдебиетке көңіл бөлмесе, жазушының жазуға жағдайы болмайды. Біздің белгілі жазушымыз Сәбит Досанов өте еңбекқор жазушы. Тәуелсіздіктің алғашқы қиын кездерде кітап шығару үшін ол талай әкім мен министрлерге барды. Бірақ ешқайсысы қол соза қоймады.Ақыры маған келіп, көмек сұрады. Мен өз кітабымды шығарғалы отырған ақшамды Сәбитке бердім. Сәбиттің кітабы шықты. Баспа бар кітапты Сәбиттің қолына ұстата салды. Енді оны сату керек. Сәбит қайтадан әкімдерді жағалады, кәсіпкерлерден көмек сұрады. Кейінгі кезде жағдай өзгерді. Сәбиттің немересі сәтті үйленіп, ол Елбасымен құда болды. Сәбит енді бұрынғыдай әкімдерді жағалап жүгірмейді. Таңнан кешке дейін тек жазумен отыр. Ал кітаптары баспадан Қалай тез шықса, солай тез таралуда. Өте жемісті еңбек етуде. Мен Сәбит Досановқа қатты ризамын»**, – деп бір қайырып алды.

**– Ал енді басқалар қалай кітап шығарады? Жастардың жағдайы қалай болады? Мемлекет жазушыларға жағдай жасамаса болмайды. Әдебиетші тағдыры – мемлекет тағдыры.**

**Жазушылар Одағын басқаруға Ұлықбек Есдәулеттің келгені өте жақсы болды. Ол ақылды адам. Осындай халықаралық маңызды шаралардан шабыт алған қаламгерлер бойында серпіліс ояна бастады.**

Олжас Сүлейменов әдебиетті сүю мектептен басталатынын да еске салып кетті.

**Ресейдегі мұғалімдер конференциясында әйгілі физик-ғалым Мойсеев «Физика-химия секілді жаратылыстану пәндерін оқушылар жақсы оқу үшін не істеу керек?» деген сұраққа: «Ол үшін ұлт әдебиеті сабақтарының санын көбейту керек»-деп жауап беріпті. Сондықтан, әдебиет сабағына баса назар аудару керек»**, – деді ақын.

Ал бізде бәрі керісінше. «Аспаннан шұға жауса да, құлға ұлтарақ тимейді» дегендей, «Сойыл сілтенсе, сорлыға тиіп», Білім министрлігінің жаңа бағдарламасы бойынша былтыр мектептерде бастауыш сыныпта да, жоғары сыныпта да қазақ әдебиеті сабағы керісінше бір сағатқа кеміп кеткен... Ал одан бұрын ЖОО-ларда қазақ әдебиеті кафедрасы жабылып қалған, барлық тілді қосып, Тілдер кафедрасы етіп жібергені академиктердің Ашық хат жазуымен үлкен шу болды...

Біз де шет тілдерінен бұрын қазақ мектебінде алдымен қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын оқытудың санын да, сапасын да арттыруымыз қажет.

Иордания жазушысы Ибрахим Насыраллах **әдебиетке назар аударудың төмендеп кеткеніне** тоқталды. **«Табиғаттан алшақтасақ, оны жоямыз, сезінбейміз. Табиғат философиясы біздің бір бөлігіміз болуы керек»**, – деді ол.

Сауд Арабиясынан келген Юсуф ал Мұхаммед терроризмнің қасіреті туралы айтты.

Малайзиялық Мұхаммад Хажи Саллех тілдер туралы айтып, сөзін жырмен аяқтады.

### ШЫҢҒЫС ХАН ДАУЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ШЫҚТЫ

Ертеңіне жалғасқан форумда Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмәділ әлемді билеген Шыңғыс ханның ешқандай моңғол емес, қазақ екенін, сондықтан оны өзіміз ашық иемденуіміз керек деп салды. Форумға қатысып отырған моңғолиялық жазушы бұған шалқасынан түсіп, шатынап кетті...

Дауды өршітпей басу үшін мінбеге шыққан Қазақстан Жазушылар одағы хатшысы, ақын Есенғали Раушан: **«Қабдеш Жұмәділ қазақтың Қадірлі классик жазушысы. Қазақ жазушысының Шыңғыс хан туралы пікірі – Қазақстанның не Қазақстан Жазушылар одағының пікірі емес, өзінің жеке пікірі екенін мәлімдеймін»**-деп, ағасының сөзін жуып-шайып, моңғолиялық қаламгерлерге басу айтты. Бірақ үзіліске шыққанда осы «дипломатиялық» еңбегі үшін Қабдеш ағасынан қатты сөз естіді...

Қырғыз Жазушылар одағының төрағасы, ақын бауырымыз әңгімелесіп тұрғанда маған: «Моңғолдар Шыңғыс ханды бермейміз деп жатыр ғой», – деп күлді. **«Моңғолдардың Шыңғыс ханды берер-бермесін уақыт көрсетеді. Бірақ, бір нәрсе – айқын, Шыңғыс ханның қазақ екені – шындық! Оны басқа елдердің де бәрі біледі»** – деп жауап бердім. Алатаудың ар жағынан келген ақ қалпақты бауырымыз: «Біз Шыңғыс ханға таласпаймыз, қазақтарға бердік», – деп, қала берді...

Көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабек халықаралық жағдайды сөз етті. **«Бүгінгі форум бізге ештеңе бермейді. Осы форумда кешелі бері тыңдап отырмын. Әлемдік мәселе көтерілмеді. Менің қалай жазатыным кімге қызық? Сирияда не боп жатыр? Соларды неге айтпаймыз? Батыста жарылыс болса, бәріміз қайғырамыз. Мұсылмандар қырылып жатқанда неге үндемейміз?»**, – деп Дулат Исабек Таяу Шығыстағы соғысып жатқан халықтар қасіретіне қабырғасы қайысатынын жеткізді.

Әлемге әйгілі ақынымыз Мұқтар Шахан ұлттық рух, мемлекеттік тіл мүддесі мәселелерін қозғады. **«Өкінішке қарай, рухсыздар біздің қоғамда қаптап кетті. Оған өзіміз кінәліміз. Әр кезең басымыздан өтті. Осыдан отыз жыл бұрын қазақ тілін мемлекеттік тіл жасаған мен едім. Мен бар кезде шындықты айтатындықтан беделім төмен. Қазір ең құрметті адамдар – ТЖ-лар (туфли жалағыштар). Мен үндемегенде қазір барлықтарыңыздың тағдырларыңыз басқаша болар еді. Әдебиет басты орында болу керек. Қазір жұрттың көбі кітап оқымайды. Осы жиынды өткізіп отырған Ұлықбек Есдәулетке рахмет»**-деген Мұқаң сөзін орысша өлең оқып аяқтады.

Тәжікстан Жазушылар одағының төрағасы Низом Косим: **«Кеңестік кеңістіктен шыққан Жазушылар одағының негізгі жұмыс бағыттарының бірі – өзге елдермен, әсіресе бауырлас республикалармен мәдени байланысты жолға қойып, нығайту. Бұл орайда Қазақстан бәрімізді басып озды. Бұл елдеріңізде өтіп жатқан осымен үшінші халықаралық әдеби шара болып отыр. Мен оның екеуіне қатысқан едім. Тамаша әсер алдым Форум бірлескен жұмыстардың әрі қарайғы жоспарын белгілеу үшін өте ыңғайлы алаң болды. Біз алдағы уақытта әдеби журналдар мен газеттердің бірлескен нөмірін шығаруға уағдаластық. Бұл оқырмандарымыздың өзге елдердің, көршілерінің әдеби шығармашылығымен танас болуы үшін жасалады. Меніңше, бұл да халықтарымызды жақындастыра түсуге септігін тигізеді»**, – деді.

Түркиялық қаламгер Мехмед Пармаксыз: **«Біз аудармашыларды дайындау үшін жастарды оқытуымыз керек. Онсыз аударма ісі алға баспайды. Бір-біріміздің елімізге жастарды оқу жіберсек, сонда аударма жолға қойылады»** деді.

Қазақ жазушысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Дәурен Қуат: **«Осы форумға дайындық кезінде біз келетін қонақтарымызды зерттеп, газетімізге насихаттадық. Сонда Ко Ын, Мэнд-Ооёо сияқты атақты жазушыларды болмаса, көбіңізді интернеттен таба алмадық. Сіздерден өтініш осы жолы елдеріңізге барғанда осы форум туралы кеңінен жазсаңыздар. Сосын өздеріңіз туралы ақпарат жазып, бізге жіберсеңіздер. Біз де сіздерге өзіміздің шығармашылығымыз туралы жазып жіберейік»** деп, орынды ұсыныс жасады.

Иә, шынында да, тәжік қаламгері айтқандай, Қазақстан осымен үшінші рет осындай халықаралық дүбірлі жиын өткізіп отыр. Бұған дейін былтыр, Еуразия жазушыларының форумы, биыл жаздың басында Еуразия астаналары жазушыларының форумы, енді міне, Азия жазушыларының тұңғыш форумы дүркіреп өтті. Бұрын қос астанаға келіп кетуі қиын жазушыларымыз бір жылдың ішінде үш рет әлемнің қаламгерлерімен әңгімелесіп, карым-қатынас жасап, жалдары көтеріліп қалды... Ал олардың нәтижесі енді көріне бастайды.

***Айтпақшы, Азиялық жазушылардың тұңғыш форумына бөлінген 281 миллион доллар елдің құлағын көтеріп, біраз әңгіме болды. Шетелдің даңғаза әншілері мен гол салмаса да, қазынамызға қол салатын, қол салғанда да мол салатын легионер футболистерге кетіп жатқан қыруар миллиондарға былқ етпейтіндер, руханиятқа бөлінген қаржыға бүлк ете қалыпты... Кеше ғана еліміздегі алдыңғы қатардағы төрт банктің басшыларына берілген бір жылғы сыйақысына төрт миллиард теңге бөлінгені жарияланды. Банкінің байлары жекеменшік банкілеріне Ұлттық қордан миллиардтаған доллар алып, енді соның арқасында жылдық сыйақысы өздеріне миллиардтар жазып алып жатса, жазушылардың халықаралық форумына кеткен, бір банкирдің ғана қалтасында жүретін қаржыға бола айтысып жатқанын түсінбей қалдық...***

Рухани қайтарым, әдеби жетістіктер уақытпен келеді. Тек оған мемлекеттік қамқорлық керек!

**Қазыбек ИСА**
*Qazaquni.kz*



# ПРЕЗИДЕНТ

## ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУЫ КЕРЕКТІГІН АЙТТЫ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық кеңестің жұмысшы топтары қандай мәселелерді талқылауы керектігін айтты.

«Ұлттық кеңестің жұмысы нақты әрі нәтижелі болуы үшін келісім бойынша үш жұмыс тобы құрылды. Бұл топтар әлеуметтік, экономикалық және саяси бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді. Осыған сәйкес аталған топтар нақты ұсыныстарын әзірлеп, кеңестің қарауына енгізуі қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Осы ретте Қазақстан Президенті экономикалық бағыттың жұмысшы тобы Қазақстан халқына Жолдауында көтерілген микро және шағын бизнестің негізгі қызметін табыс салығынан босату, пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтару, мемлекеттік сатып алу жүйесін өзгерту, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын жүзеге асыру, Армиядағы қаржылық тәртіпті күшейту, жұмыс істеп жүрген азаматтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін білім алуға немесе баспана сатып алуға беру мәселелерін егжей-тегжейлі талқылауы тиістігін атап өтті.

«Саяси бағыттағы жұмыс тобы күн тәртібін бастапқыда ілкі режимде жергілікті билік қызметінің тиімділігін халықтың бағалауы жүйесін енгізу, 4 жылдың ішінде мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялардың қызметкерлерін 25 пайызға қысқарту, шеру өткізу тәртібін жеңілдету, Ішкі істер министрлігін реформалау, орталық және жергілікті деңгейде нормативтік-құқықтық актілерге жемқорлыққа қарсы сараптаманы қалпына келтіру сынды бастамалармен толықтыруы қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік даму бағытындағы жұмысшы тобы ауыр қылмыстарға жазаны күшейту, аз қамтылған отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету сынды мәселелерді қаперге алуы қажеттігін айтты.



Сейдахмет ҚҰТТЫҚАДАМ:

## БИЛІК ХАЛЫҚҚА БЕТ БҰРЫП ЖАТЫР

«Ұлттық кеңестен халықтың күтері көп». Бұл туралы белгілі саясаттанушы Сейдахмет Құттықадам «Хабар24» телеарнасының «Анығын айтқанда» бағдарламасына берген сұхбатында айтты, – деп хабарлайды «Қазақ үні» ақпарат агенттігі.

– Ұлттық кеңес өте жақсы өтті. Күрделеніп келген көп мәселелер ашық айтылды. Халықтың сенімі ақталып, күрделі мәселелер шешімін табады деп ойлаймын. Ұлттық кеңесте көтерілген мәселелер ары қарай да дамытылып, заңдық тұрғыда бекітілу керек. Қазір билік халыққа бет бұрып жатыр, – деген саясаттанушы саяси реформалар жасауда асығыстық танытудың қажеті де жоқ екенін атап өтті.

Сонымен қатар, ол Қазақстанның саяси алаңы көппартиялы болуы керектігін айтты.

– Жаңа партияларға жол ашу керек. Тіркеу, қол қою мәселелерін жеңілдету керек. Парламентке қатысты реформалар да біртіндеп жасалуы керек. Осындай түрлі ұсыныстар жасадық, – деді Ұлттық кеңес мүшесі.

Ол, сондай-ақ, зейнетақы, инфляция мәселелерін көтеріп, шағын және орта бизнеске Үкімет тарапынан жасалып жатқан көмектерді жоғары бағалады.



Ауыт МҮҚИБЕК:

## БҰЛ КЕҢЕС ТІЛГЕ ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ СӨЗДІҢ АЙТЫЛУЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІ

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы қатысқан Ұлттық кеңес отырысы өте жоғары деңгейде өтті. Қ.Тоқаев Қытайдан келетін 55 зауыт туралы әңгімеге нүкте қойды. «Біз өзімізге қажетті зауыттарды ғана аламыз», – деді Президент.

Қазақ тілінің мәртебесі туралы Қазыбек Иса тарихи сөз айтты. Бұл кеңес осынысымен де ерекшеленді.

ҚР Конституциясының 7-бабының 2-тармағын алып тастауды талап етті Қазекең.

Айман Омарова мен Ермек Тұрсыновтың сөзі де көпшілік көңілінен шықты.

Ал, Көші-қон, Қытайда тұратын қандастарымыздың мәселесі неге айтылмады деген сұрақ тууы мүмкін. Мүмкін деймін-ау, телефоныма тыным жоқ. Ағайындар бірінен соң бірі хабарласып, тіпті ренжіп жатыр.

Алаңдамаңыздар, бәрі жақсы болады.

Сабырмен күтіңіздер, қандастар!

Қысқасы, жұрт көкейіндегі сұрақ түгел қамтылды.

Енді осы мәселелер рет-ретімен, кезең-кезеңімен өз шешімін табатынына сенімдімін!

Махамбет ЕРҒАЛИ:

## ЕРЛІГІҢІЗБЕН ЕЛ ҮМІТІН АҚТАДЫҢЫЗ...

Ұлттық Кеңестің әр отырысын асыға күтеміз!

Отыз жылда бізде мемлекет басшысына ешкім батылы барып, осы Қазақ тілінің ауыр мәселесін тіке айта алмай келді. Бірде-бір зиялы қауым өкілі Орыс тілін ресми статусынан айыру керек дегенді осындай биік деңгейде айта алған жоқ! Президент түгілі, Парламент пен Үкіметте де Конституциядан орыс тілин алып тастау мәселесі көтерілген жоқ! «Қазыбек Иса Қазақ тілі туралы Тарихи сөз сөйледі» деп жазған қоғам қайраткері Ауыт Мүкибектің сөзіне толық қосыламын! Өйткені, Ұлт үшін ең басты міндет – Ұлттық мүдденің қорғалуы! Қазақ «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын»-деген текті халық. «Сананы тұрмыс билегенмен» санасы мен ұлттық намысы жоғары, рухы биік тұлғалар ең алдымен Ұлттық мүдденің негізі – мемлекеттік тіл мерейі үшін күрескен!

Жарайсыз, Қазеке! Ерлігіңізбен Елдің үмітін ақтадыңыз!

Енді Ұлт үмітін ақтай бастаған Ұлттық Кеңестің қадамын қадағалап, әр отырысын асыға күтетін болдық! Ұлттық Кеңес отырысы ережесіне қарасақ, жылына кем дегенде үш рет өткізіледі деп жазып қойыпты. Кем дегенде ай сайын өткізсе де дұрыс еді. Қордаланып қалған, шешілмей келе жатқан күрделі мәселелер шаш-етектен ғой бізде.

Ұлттық Кеңес халық сенімінен шыға береді деп сенеміз!



Әуелбек НАЗАРҚАСЫМҰЛЫ:

## ХАЛЫҚТЫҢ ЖАН ЖАРАСЫН АЙТУ – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ, НАҒЫЗ ПАТРИОТТЫҚ!

Ал «Жошы хан, Алпамыс батыр, Қорқыт Баба» әруақтарын қозғау-кез келген қазақтың рухын асқақтатары да сөзссіз!

Халық асыға күткен Ұлттық Кеңесте алдыңғы қатарлы сөз алғандардың бірі қоғам қайраткері Қазыбек Иса «Біздің Әлеуметтік-мәдени тобымызда 14 мүше бар. Бәрі қазақтың белгілі зиялылары, қайраткер, қаламгерлері. Біз өткендегі алғашқы ұйымдастыру отырысында біріңші көшпелі мәжілісімізді Әлеуметтік топ болғандықтан, ашық күнде аспаннан бомба жауған Арыс қаласынан бастаймыз деп шештік» деген жолдардан бастады»

Ақын Қазыбек Иса өзі айтқандай Арысқа «бейбіт күнде аспаннан бомба жауғанда» сол күні апат әкелген төртінші жарылысқа дейін түк бітірмеген билікті сынап мақала жазды. «Ақ жол» партиясының Азат Перуашев бастаған Парламент депутаттарын алып келіп, снарядтары шашылып жатқан жабық қалаға кіріп, жағдаймен таныстың. Ақынның «Адамы жоқ Арыс қаласы» деген зерттеп жазған мақаласы мен «Арыс апаты» атты Рух жырын толқымай оқу мүмкін емес.

Ия, сол күні арыстықтар ана баладан, бала әкеден айырылып жатты. Мұндайды басынан өткізбеген адам түсіне қояр ма екен? Анасын іздеп шырылдаған титімдей баланың әр минуты мен баласын іздеп көз жасын көл қылған ананың әр секунды таразы басына қойылғанда, екінші басына қаншама байлық, алтын қойылса да ана мен баланың бір тамшы көз жасын тарта алмас еді.

Одан ары төрт күн бойы бұрын көрмеген қаншама халық ықылас көрсетіп тұрса да өз үйін – өлең төсегін болмаған соң бәрі де бекер болатынын сезінген де осы Арыс халқы. Жарылмай қалған снарядтары толықтай тазартылмаған, сол жарылыс болған әскери қойманың қою түтіні басылмай тұрғанда еріксіз Арысқа кіргізілген де осы халық.

Жарылыстан жарамсыз болып, осыған дейінгі ұрпағына тіртнектеп жинаған дүниесі-шашылып жатқан баспанасын көріп, дарбаза алды кіреберісте қаншама адамы отырып қалған да осы Арыс халқы еді.

Ия, Ұлттық мүддені қорғау – мемлекеттік тілден басталады. Ал тілді қорғау үшін, сол тілдің жан жарасын қорғау – ол халықтың жан жарасын түсінумен басталуы керек еді. Солай болды да. Конституциядағы 7-бап 2-тармақ көзге шыққан сүйелдей қазақ тілінің жолын кесіп келе жатқаны да ащы шындық. Міне соны Президент алдында, бас қосып отырған Ұлттық кеңес алдында қаская қарап айту-азаматтық парыз бір бөлек, еліне жаны ашыған нағыз патриот адамның сөзі болды. Ол-рухты ояту, қазақ қоғамын дүр сілкіндірер шешуші сәт көрінісі еді.

Рахмет, саған, қаз дауысты Қазыбек бауырым! Көзіме жас алдым, шынымды айтсам, 7-бап 2-тармақты айтқанда...Алланың нұры жаусын!!....

Алда келе жатқан Латын әліпбиінің өміршең болуы үшін кесек-кесек мысалдармен жеткізе білді.

# КОНСТИТУЦИЯДАН

## ОРЫС ТІЛІ ТУРАЛЫ БАПТЫ АЛАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ

## СОНДА ҒАНА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ДАМИДЫ

**Бүгін елордадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы өтті.**
**Зиялы қауым өкілдері, белгілі қоғам қайраткерлері, заңгер мен сала мамандарының басын қосқан Ұлттық кеңестің алғашқы отырысында Мемлекеттік тіл, ұлттық мүдде, саяси реформалар секілді көптеген өзекті мәселелер көтерілді.**
**Жиын аясында сөз алған белгілі ақын, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса қоғамдағы ең өзекті тақырып – Мемлекеттік тіл мәселесін көтеріп, Президентке елдің мұңын жеткізді.**
**Қоғам қайраткерінің Ұлттық кеңесте айтқан сөзінің толық мәтінін оқырман қауымға ұсынамыз:**



**Қазыбек ИСА, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі:**



### ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

**Армысыздар, ағайындар!**
**Қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлы!**
**Құрметті Ұлттық Кеңес мүшелері!**

Бәріңізді қалың ел көз тігіп, үлкен үміт күтіп отырған Ұлттық Кеңестің алғашқы мәжілісінің ашылуымен құттықтаймын!

Ұлттық мүддені қорғауы тиіс Ұлттық Кеңес – Ұлттың үні болып, Ұлттық сенім кредитіне ие болады деп үміттенемін.

Біздің Әлеуметтік-мәдени тобымызда 14 мүше бар. Бәрі қазақтың белгілі зиялылары, қайраткер, қаламгерлері. Біз өткендегі алғашқы ұйымдастыру отырысында бірінші көшпелі мәжілісімізді Әлеуметтік топ болғандықтан, ашық күнде аспаннан бомба жауған Арыс қаласынан бастаймыз деп шештік.

Ұлттық идеологияның кемдігі көзге ұрып тұрған біздің Тәуелсіз Қазақ Елінде Ұлттық рухты көтеру бүгінгі күннің ең маңызды талабы.

Таяуда 2 қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жасады. Экранға көз тігіп қарап отырған елдің күткен үлкен үміті ақталуда. Шешілмей келе жатқан мәселелердің шешімдері айтылып, шегелей бекітілген Жолдау қалың халықтың қызу қолдауына ие болуда. Жолдау іске асуы үшін не істеуіміз керек? Бәріміз өз үлесімізді қосуымыз қажет!

**1.**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына өзінің тұңғыш Жолдауында Қазақ тілінің мәртебесі туралы қадап тұрып айтты. **«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіндегі деңгейі көтеріліп келеді. Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналатын уақыт келеді. Бұл үшін барлығымыз жұмыла әрекет етуіміз қажет»**, – деді. Отыз жылда бұған да жеттік, құдайға шүкір. Мемлекет басшысының Мемлекеттік тілімізге баса назар аударуы – елдің ерекше ықыласын оятып, ұлт зиялылары өз үндерін қосуда. Иә, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ! **Қазақстан Президенті айтқандай, «Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін барлығымыз жұмыла әрекет етіп»**, барлық жерде мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауымыз керек! Ол үшін Атазаңда Мемлекеттік тіл мәртебесін жеке дара иеленуі үшін орыс тілі туралы 7-баптың 2-тармағын алатын уақыт жетті. Бұл Халық талабын Қазақстан Халқы Ассамблеясы алдымен қолдауы тиіс! Парламентіміз, қоғамдық-саяси күштер, зиялылар қауымы қайрат көрсетуі керек!

Қасым-Жомарт Кемелұлы, өзіңіз ақ батаңызды берсеңіз «Ақ жол» партиясы Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын жасауға дайын.

**2.**Мемлекеттік тілдің мемлекеттік деңгейде дамуы үшін және тиісті заңдардың орындалуын қадағалау мақсатында тікелей **Президентке қарайтын Тіл агенттігі құрылғаны тиімді деп білеміз.**

**3.**Тіл туралы айтқанда, міндетті түрде әліпбиге тірелесің. **Латын әліпбиіне** қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлы, өзіңіз о бастан көңіл аударып келесіз. Қолдануда қолайсыздық тудырған үтірлі нұсқаға нүкте қойған да өзіңіз болатынсыз.

Еліміз үшін стратегиялық маңызы зор мақсат, Рухани тәуелсіздігіміздің бастауы – Латын әліпбиіне де көзіміз үйреніп, көңіліміз сеніп келе жатыр. Бірақ бір-екі түзетуді айтпай кетуге болмайды. Біріншіден, соңғы акутты нұсқада **І** әрпінің бас әрпі жоғалып кеткен – **И** әрпі екеуін де бір **І** таңбамен белгілеген. **«Қазақтың І әрпін қайтарып, екі диграфтан құтқарыңыздар!»**- деген қазақ жазушылары мен ғалым, зиялыларының Ашық хаты да «Қазақ үні» газетінде былтыр жарияланды.

Қазір кез келген жерде латын әліпбимен қазақша, кириллицамен орысша, екі нұсқа жазулы тұрады. Елдің бәрі оңайын таңдап, кириллица нұсқасын оқиды. Бұл қазақтілділердің де Латын әліпбиін үйренуге кері әсерін тигізіп, кедергі келтіруде. Осы мәселеге де бір шешім айтылуы тиіс.

4.Кез-келген тіл ең әуелі сол тілдегі мазмұнмен күшті. Сондықтан қазақ тіліндегі заманға сай, әсіресе жастардың тұлға және маман ретінде қалыптасуына қажетті сапалы мазмұн (контент) қажет. Ондай мазмұнды тез арада жасаудың жалғыз жолы – кең жолға қойылған жан-жақты аударма ісі. Соның ішінде ғылыми аударма, көркем аударма, кино және анимация дубляжы, онлайн контент аудармасы, виртуалды ойындар аудармасы қамтылуы қажет. Мысалы, біздегі дүкендердегі кітаптардың 90 пайызы орыс тілінде. Оның 50 пайызы шетел әдебиеті мен публицистикасы.

**Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Президенті болып сайлана салысымен «Ең бастысы – Қазақ тілі» деп мәлімдеуі және Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін барлығымызды жұмыла әрекет етуге» шақыруын Ұлттық жаңғыру, ұлт мүддесін ұлықтаған ұлттық ұран деп қабылдаймыз!**

**5.** Қандай тіл болмасын, алдымен балабақша мен мектеп қабырғасында қанаты қатаяды. Мектебімізде шет тілін бірінші сыныптан оқыту туралы келешегімізге кесір келеңсіздікке бұрыннан қарсылығын танытып келе жатқан Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев мұғалімдердің тамыз кеңесінде бұл мәселеге нүкте қойды десек те болады. Енді ата-аналар қалауымен шет тілін екінші-үшінші сыныптардан немесе бесінші сыныптан кейін оқыту мәселесі күн тәртібіне шықты. **Негізі бір тоқтамға келіп, шет тілін бастауыш сыныптан кейін оқыту дұрыс деп білеміз.**

Ал кезінде шет тілін бастауыштан кейін оқып-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген, әлем мінберінде ағылшынша талай сөйлеп жүрген, бүгінде Қазақстан Президенті болып отырған Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұлғасы нағыз көрнекті үлгі, – өзі айтқандай, балаға шет тілін бастауыштан кейін оқыту – талқылаусыз таңдау, өмірлік өзекті қағида екенін анық білдіріп тұр!.

### ҰЛТТЫҚ РУХТЫ КӨТЕРУ – ЕҢ БАСТЫ МІНДЕТ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТУДАН БАСТАЛАДЫ!

Таяуда ұлт тарихындағы рөлі зор Ұлытауға Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті ретінде тұңғыш сапар жасап, зиярат етіп қайтты. Босқа барған жоқ, түгел түркі әлеміне түрткі болар ордалы ой айтты.

Еуразия кеңістігіндегі ерекше зор, алып империя Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу туралы бастама көтерген мемлекет басшысы: **«Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет»**, – деп атап өтті.

Мемлекет басшысының Ұлытау сапары мен ұлағатты сөздері рухымызды көтеріп, еңсемізді биіктетіп кетті.

Иә, Алтын Орданың атасы Жошы ханның тұлғасын асқақтату –түгел түркіге ортақ игілікті іс. Алып империяның алғашқы астанасы Сарайшық та, Алтын Орданың тізгінін баласы Бату ханға тапсырып кеткен әкесі ұлы хан Жошы да Қазақ жерінде жатыр... Жошы – Шыңғыс ханның бірінші әйелі, қазақ қызы Бөртеден туған тұңғыш ұлы.

**1. Жошы ханның Ұлытауда таққа отырғанына 2023 жылы 800 жыл толады. Қазақ мемлекеті тарихындағы елдік маңызы ерекше зор бұл мерейтой мемлекеттік деңгейде тойлануы тиіс!** Міне, Қазақстан Президенті айтқандай, Жошы ханға әлем назарын нағыз аударар кезең басталды деуге болады.

**2.** Осындай әлем тарихындағы салмағы орасан саңлақ тұлғалар мен маңызы зор қалалар өзге бір елдің еншісінде болса не болар еді... Әріге бармай-ақ, мемлекет басшысы айтқандай, кішкентай Моңғолияның өзі Жошы ханның әкесі, әлемді билеген Шыңғыс хан арқылы дүние жүзіне дүбірін танытып жатыр... Мүмкін біз де Шыңғыс ханның алып ескерткішіндей Жошы ханға да одан кем емес кемел ескерткіш кешен тұрғызармыз. Ол кешенде Шыңғыс ханның да, Бату ханның да, Бөртенің де ескерткіші тұрса, тіпті керемет болар еді. Ал Ұлытауда мазары жатқан Жошы ханның ескерткішін Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғызып жатса, ұлт рухы дүр сілкінер дүбірлі дүние болар еді... Жошы ханның киелі кесенесі мен келешек керемет кешені әлем саяхатшыларын тартып тұрар тарихи да, тартымды да, тамаша орынға айналар еді... Өйткені, ҰЛЫТАУДА ҰЛЫ ЖОШЫ ХАНДЫ ҰЛЫҚТАУ АЛТЫН ОРДАНЫ АСҚАҚТАТУҒА БАСТАЙДЫ.

**3.**Мемлекет басшысының Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу туралы елдік маңызы ерекше бағалы бастамасына ұлт зиялылары не дейді? **Қазақ тарихында, аңызы мен күйлерінде орны бар Алтын Орда мен Жошы хан тұлғасы киномызда қалай көрініс таппақ?** Әдебиетіміз бен мәдениетімізде, ғылым мен бейнелеу өнерінде қалай бейнеленбек? Рухымызды көтерер алып империя Алтын Ордамыздың тарихын күнделікті нәр берер рухани айналымға қалай қосамыз? Иә, мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарында бұл бағалы да, баянды тақырыпқа басты назар аудару керек.

**4.** Қазақ тарихын нақты да, шынайы деректер негізінде қайта жазатын уақыт келді.

**5.** Мемлекет басшысының Ұлытау сапары Ұлт рухын көтерер саясат, ұлт мүддесін ұлықтайтын кешенді шаралар керектігін ұқтыруда. Бұл бастаманы халық ел қуана қолдап жатыр. Тарихымыздың тамырында жатқан Алтын Ордадай ауқымы алып, терең тақырыпқа бүкіл халық, барлық қоғамдық-саяси қозғалыстар өз үлестерін қосуы тиіс!

**6.** Әлемге әйгілі тұлғалардың мерейтойын тойлау ұлт рухын көтеретіні белгілі. Егер ол тұлға сонымен бірге мәдениетіміздің де әлемдік әркениеттік әдеби-мәдени жетістігін айқындап жатса, ол тіпті жақсы. «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдығын ЮНЕСКО бойынша тойлауда туыс халықтар алдымызда орап кетті. Ал екі күн бұрын, Қасым-Жомарт Кемелұлы, өзіңіз ашқан Азиялық жазушылардың тұңғыш форумында Әзірбайжанның әйгілі жазушысы Анар Рза қырғыздардың Манастың 1000 жылдығын тойлаған тойында Әзірбайжан Президенті Гейдар Алиевтің **бүкіл түркіге ортақ әулие, абыз, қобыз атасы Қорқыт бабаның 1300 жылдығын өткізу туралы ұсыныс айтқанын жеткізді. Ал Қорқыт бабаның мазары Қазақ жерінде, Сыр бойында, Қызылорда облысында жатқанын, ол жерде қазір «Қорқыт баба» атты сәулеттік-мемориалдық кешен бар екенін ойласақ, Қорқыт бабаның мерейтойын алдымен Қазақ Елі атап өтуі керек екені көзге ұрып, көңілде сайрап тұрған жоқ па?**

Иә, қазіргі таңдағы ел еңсесін көтеретін ең басты саясат – ҰЛТ РУХЫН КӨТЕРЕТІН ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ!

*06 қыркүйек, 2019 жыл.*
*Нұр-Сұлтан қаласы,*
*Тәуелсіздік сарайы*

*qazaquni.kz*

# ДЕПУТАТЫ «АК ЖОЛА» ДОБИЛИСЬ ЛИКВИДАЦИИ «АСТАНАЭНЕРГОСЕРВИС»!



**Депутаты «Ак жола» добились ликвидации «Астанаэнергосервис», требуют закрыть аналогичные компании-посредники во всех регионах страны и возместить населению расходы на их содержание – об этом заявила Меруерт Казбекова, озвучивая депутатский запрос фракции в адрес министра нацэкономики Руслана Даленова.**

«На открытии 5 сессии Парламента РК 2 сентября 2019 г. Глава государства Касым-Жомарт Токаев в озвученном Послании народу Казахстана подчеркнул о необходимости «Правительству системно и предметно заниматься вопросами ценообразования и тарифов... услуг естественных монополий», – говорится в запросе.

В этой связи «акжоловцы» напомнили, что 19 июня 2019 г. фракцией был оглашен депутатский запрос о незаконной деятельности АО «Астанаэнергосервис», которая многие годы ложилась необоснованной нагрузкой на потребителей – ничего не производя, оно якобы «управляет» другими энергетическими предприятиями столицы.

Между тем, как отметили депутаты, только фонд оплаты труда в этой компании составляет 600 млн. тенге, оклады нескольких руководителей – до 1,5 млн. тенге, а также офисы, служебные автомобили и т.п. И этот, с позволения сказать, «банкет» шёл за счёт тысяч горожан, которым через скрытые тарифы выставляли необоснованные расходы на паразитирующую структуру, вынуждая людей экономить на собственных семьях, включая расходы на детей.

Депутаты заявляют, что ответ на тот запрос был направлен заместителем министра с нарушениями закона «О парламенте и статусе его депутатов», согласно которому, отвечать должно лицо, которому адресован запрос. Кроме того, в нём не содержалось конкретной информации на поставленные депутатами «Ак жола» прямые вопросы.

И только 4 сентября в СМИ опубликована информация, что решением акима города Нур-Султан указанное АО ликвидируется, и одно это решение сэкономит городу 1 млрд тенге в год!

Именно ликвидации данного посредника требовали депутаты фракции «Ак жол» в своём запросе от 19 июня т.г.

«Тем самым подтверждена наша позиция о бесполезности этого АО, с 1999 г. «сидевшего на шее» потребителей. А значит, и все платежи, собиравшиеся с населения эти годы, были удержаны необоснованно и без реальной необходимости», – считают в «Ак жоле».

В этой связи депутаты фракции «Ак жол» повторно просят министра нацэкономики:

1. Провести анализ аналогичной ситуации во всех регионах, на предмет наличия подобных компаний, ничего не производящих, но «сидящих на шее» у населения. В случае выявления таковых – ликвидировать их тоже.

2. Рассмотреть вопрос о возмещении потребителям части коммунальных платежей, шедших на содержание подобных посредников.

3. Привлечь к ответственности сотрудников вашего министерства, направивших некорректный ответ на запрос депутатов.

*Пресс-служба «Ак жола»*




# ПЕРУАШЕВ РАСКРИТИКОВАЛ ПРИВАТИЗАЦИЮ В КАЗАХСТАНЕ

**Самым популярным становится передача объекта в доверительное управление с последующим выкупом, когда новые хозяева расплачиваются с государством из средств самого государства. Об этом заявил 11 августа депутат Азат Перуашев.**

По его словам, этот формат получил широкое применение по отношению к объектам здравоохранения, где приватизация порой напоминает щедрые подарки за государственный счет, а с введением финансирования медучреждений из средств Фонда медстрахования – так ещё и за народный счет.



«Партия «Ак жол» всегда активно выступает за рыночные реформы и сокращение государственного участия в экономике через приватизацию государственных объектов. Однако рыночная приватизация на местах все чаще подменяется банальным переделом собственности в интересах узкого круга лиц. Мы выступаем за добросовестный и честный бизнес, который служит общественному благу, но никак не за обдирание государства и общества в пользу чьих-то приближенных», – сказал Перуашев.

Очередным сигналом такой необходимости стала приватизация Детской стоматологической поликлиники в г. Алматы.

«Как сообщалось в прессе, объект был реализован указанным выше методом, т.е. в рассрочку. При этом, клиника получает бюджетное финансирование более 260 млн тенге в год. На момент приватизации на счету клиники имелось около 170 млн тенге. Для сравнения: гарантийный и первоначальный взносы победитель тендера уплатил 92 млн тенге, то есть вдвое меньше, чем сам объект имел на счетах наличности. Понятно ведь, что и оставшиеся платежи будут производиться из бюджета клиники, а не за счет так называемого "инвестора". По сути, государство подарило клинику, да еще и заплатило новому владельцу вдвое больше, чем он внес государству. Условия просто шикарные», – указал мажилисмен.

При этом, по его словам, владельцем клиники стал родной брат руководителя Департамента охраны общественного здоровья Алматы.

«Но несмотря на возмущение общественности города, судом продажа была признана соответствующей правилам приватизации. Но тогда что-то не так с самими правилами, поскольку аналогичные примеры "прихватизации" из разных регионов приводились фракцией «Ак жол» в депутатских запросах в 2014, 2017 и 2018 гг. В результате подобной правовой эквилибристики государство не получает реальных денежных средств за проданные, фактически – подаренные объекты, а сами объекты не получают реальных инвестиций и ресурсов для развития», – добавил Перуашев и попросил главу правительства рассмотреть ситуацию с приватизацией Детской стоматологической клиники не только на предмет законности, но и на соответствие требованиям этики госслужбы, а также изучить возможность внесения изменений в порядок приватизации, предусмотрев интересы трудовых коллективов объектов, приватизируемых через доверительное управление...

*Kursiv.kz*

# КАЗБЕКОВА: В СТРАНЕ НАЗРЕЛИ ПЕРЕМЕНЫ

**Депутат Меруерт Казбекова о первых месяцах правления президента Токаева.**

**- Меруерт, как бы Вы охарактеризовали первые месяцы правления Касым-Жомарта Токаева?**

- Безусловно, они прошли интересно и динамично. Да и сами выборы вызвали интригу и интерес у народа – впервые они прошли без участия Елбасы. В то же время, был и негатив – я имею в виду трагические события в Арысе. Думаю, этот первый серьезный экзамен президент Токаев сдал уверенно.

Сейчас существует много факторов, которые подтверждают, что необходимы политические изменения. И перемены уже происходят. Их показателем стали прошедшие митинги, создание Национального совета общественного доверия, а также отставка ряда высокопоставленных чиновников. В числе самых громких – отставки акимов крупных регионов, а также увольнение бывшего министра обороны за события в Арысе.

Все это демонстрирует, что руководством страны принимаются соответствующие меры, чтобы общество понимало: чиновники сегодня будут наказаны, несмотря ни на какие их должности, в том числе и за свои прошлые дела.

**- Да, недавняя отставка экс-акима Шымкента Абдрахимова была громкой. Что вы думаете о такой решительности в вопросе «очищения» рядов высокопоставленных чиновников?**

- Я думаю, власть сегодня учится слушать общество, улавливать его настроение, и это радует. Но лично мне понравился ответ Абдрахимова, который адекватно воспринял свою отставку и отнесся к ней с благодарностью и пониманием. Понятна и позиция общества по данному вопросу – оно не будет терпеть подобное поведение чиновников, которое тот проявил на фоне событий в Арыси и общего обнищания людей. Увольнение Абдрахимова стало месседжем для всех акимов и чиновников любого ранга: надо быть скромнее, не забывать о том, что они государевы служащие и их первая обязанность – служить отечеству и людям.

**- Как вы думаете, есть ли надежда на то, что при новом президенте страны институты власти, ее ветви будут работать более эффективно?**

- С 2002 г. состою в партии «Ак жол». С 2012 г. наша фракция в составе восьми человек в 5-м созыве и в составе семи человек в 6-м созыве говорила о многих проблемах, которые были в стране.

Об опасности боеприпасов в том числе в 2015 г. мы делали соответствующий запрос. Говорили о необходимости обеспечения егерей оружием, о необходимости запрета чиновникам иметь зарубежные счета. Но нас было мало и после голосования мы всегда оставались в меньшинстве. Поэтому те проблемы, которые мы озвучивали, не всегда своевременно имели



отклик. Сегодня, я думаю, общество, как и правительство, стало достаточно открытым благодаря соцсетям. И большинство вопросов, пусть пока и локально, но решается.

Что касается институтов власти, то если сейчас они не будут работать эффективно, то это всем «минус». И то, что президент сказал, что чиновникам необходимо быть ближе к народу, виден его решительный настрой. Он четко обозначил своим подчиненным, что настали времена, когда надо отвечать за свои слова. Любую прекрасно написанную программу при реализации почему-то сопровождает скандал. Часто коррупционный.

Но есть и положительные моменты. Например, недавнее назначение председателя Комитета государственной службы Анары Жаилгановой, человека ни с кем не аффилированного, юриста, работавшего в Верховном суде, говорит о том, что в кадрах наводится порядок.

Также очень важен гендерный аспект. Господин Токаев большую надежду возлагает на женский потенциал страны, который достаточно образован, менее коррумпирован, более ответственен. Если он сделает женщин еще и акимами городов и районов, то это будет большой шаг вперед. Потому что сегодня именно эти чиновники напрямую работают по социальным вопросам. Когда в этих сферах полностью отсутствуют женщины, происходит мускулизация общества, оно становится более жестким. А с проблемами к государству обращаются в основном женщины и старики. В советское время по социальным вопросам зачастую работали грамотные, активные женщины, такие как, например, Светлана Жакияновна. Сегодня, я надеюсь, будет происходить то же самое.

*Platon.asia (в сокращении)*

**Нұр-Сұлтан қаласында Хилтон Астанан қонақүйінде ҚР АШМ Су ресурстары комитетінің бұрынғы төрағасы, бүгінде тергеу изоляторында отырған Ислам Әбішевтің ісіне байланысты баспасөз мәслихаты өтті.**
**Ислам Әлмаханұлы Әбішевтің адвокаттары Абзал Құспан, Ерлан Мәкенов және көрнекті жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков жиылған журналистер мен блогерлер алдында барлық сұрақтарға жауап берді.**



Ол қандай сұрақтар:

***– Сыбайлас жемқорларды триллиондық сыбағасынан айырған Әбішевті – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросы тұтқындағаны нені білдіреді?!.***

***– Ислам Әбішев 1 трлн 300 млрд. теңгені қалай үнемдеді?***

***– Неге осындай мемлекетшіл азаматтар тұтылып, нағыз жемқорлар құтылып кетеді?***

***– Елбасы Н.Назарбаевтың Әбішевті сол қызметке екінші рет қайта шақыруының сыры неде?***

# ИСЛАМ ӘБІШЕВТІ ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕГЕНІ ҮШІН ТҮРМЕГЕ ТҮСІРГЕН КІМ?

## ОЛ БҰЛ ТУРАЛЫ СОТТА АШЫҚ АЙТАДЫ

***– Әбішев пара алуға оқталды дейтіндей қандай дәлел бар?***

***– 5 айда 4 рет инфаркт алса да, Әбішевті үйқамаққа неге шығармады?***

***– Әбішевтің тұтқындалуы кланаралық шайқастың басталғанын білдіре ме?***

***– Халық қазынасынан 1 триллион 300 миллиард теңгені үнемдегені үшін түрмеге түскен парадоксты парық-пайымы бар ел қалай қабылдауда?***

Сонымен қатар, Ислам Әбішевтің не үшін тұтқындалғанын анық түсінуге және оған қандай қатер төніп тұрғанын сезуге болатын бейнебаян көрсетілді.

Журналистердің барлық сұрағына нақты дәлелдермен жауап берген белгілі заңгер Абзал Құспан Ислам Әбішевке қатысты тергеу ісімен танысқандарын, бірақ бір де бір нақты айғақ табылмағанын, жазықсыз жала жабылып отырғанын жеткізді.

Ол сонымен қатар «Қазақ үні» ұлттық порталына берген сұхбатындағыдай, Ислам Әбішевке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросының тергеушілері жоғары лауазымды шенеуніктер – Өмірзақ Шүкеев, Асылжан Мамытбеков, Бердібек Сапарбаевтардың үстінен арыз айтса, тұтқыннан босатылатынын айтқанын мәлімдеді. Ислам Әбішевпен бірге тұтқындалған Дүниежүзі қазақша күрес федерациясының вице-президенті Серік Төкеевтің қорғаушысы адвокат Ерлан Мәкенов те дәл осындай ұсыныс Серік Төкеевке де жасалғанын, егер ол Ислам Әбішевтің үстінен шағымданса, тұтқыннан босатылатынын айтқанын жеткізді.

Осы екі адвокат келтірген екі арандатушылық «ұсынысқа» байланысты «Қазақ үні» газеті президенті, ақын Қазыбек Иса: «**Біз жаңа видеодан көргеніміздей және адвокаттардың дәлелді сөздерінен білгеніміздей, Ислам Әбішевтің ешқандай да пара алмағаны дәлелденіп отыр.**



**Бұл тергеушілердің ісі 37-ші жылдардағы «Адам болса болды, айыптайтын жаза табылады» деген сөзін еске түсіреді. Ислам Әбішевтің жазықсыз екенін оған тергеушілердің жоғарыдағы аттары аталған шенеуніктерге жала жапсаңыз, түрмеден босатамыз деген ұсыныстары да айқындап отыр. Бұл «Ислам Әбішев ісі» кешегі Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына <u>Жолдауында айтқандай:</u> «Заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ!» – деген ауыр айыптауына нақты дәлел болып тұрған жоқ па?**– деп сұрақ қойды. Бұған Абзал Құспан: **«Иә, өте жақсы сұрақ, дұрыс айтасыз! Бұл Ислам Әбішев ісі Президент Жолдауында айтылғандай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросының заңсыз арандатушылық іс-әрекеттеріне нақты дәлел бола алады. Себебі, Президент бұл жерде басқа құқық қорғау органдарын айтқан жоқ, дәл осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросын нақты атады»** деп жауап берді.

Зиялы қауымның атынан Алматыдан келіп отырған әлемге әйгілі жазушы-драматург Дулат Исабеков Ислам Әбішевті алдында 300 миллиард теңге үнемдегені үшін негізсіз қудалаумен жұмыстан шығарылған кезінде Елбасымыздың өзі араласып, қайта жұмысқа шақырып алғанын және Нұрсұлтан Назарбевтың **«Су мәселесінде мен тек Ислам Әбішевке ғана сенемін»** деген сөзін мысалға келтірді. **«Халықтың триллиондарын үнемдегені үшін Кеңес одағы кезі болса, «Социалистік Еңбек Ері» атағын беретін еді. Ал біз түрмеге қамаймыз. Баяғы 37-жылдар келгендей, кеше түн жарымда Ислам Әбішевтің бүкіл туыстарының үйіне тінту жүргізді. Төрт рет инфаркт алса да, қауіпті террорист секілді үйқамаққа да шығарған жоқ. Талай рет миллион долар алып жатып ұсталғандарды түрмеге де түсірмей ақтап жіберіп жатыр. Мен осы Ислам Әбішевтің ісі үшін Тұңғыш Президентке де, қазіргі Президентке де кірейін деп отырмын. Ертең 29 қарашада Швецияға, Стокгольмге кітабым шығуына байланысты бара жатырмын. Ол жерде де халықаралық құқықтық қауымдастықтар алдында бұл мәселені көтереміз. Не үшін олай қорлап отыр абзал азаматты? Бұлардың бар мақсаты Ислам Әбішевтің рухын сындырып, істемеген ісін мойындату, егер оған көнбесе, абақтыда өліп қапты дегенге жеткізбек пе?» –** деп, жазушы ашық наразылығын білдірді.

Баспасөз мәслихатын қорытқан Абзал Құспан сөзінің аяғында Ислам Әбішев өзін не үшін және кімдер түрмеге түсіргенін сот үстінде ашық айтатынын ресми мәлімдеді.

Баспасөз мәслихатын «Ислам Әбішевті қорғау комитеті» ұйымдастырды.

**Қазыбек ИСА**
*qazaquni.kz*

# ИСЛАМ ӘБІШЕВТІҢ СОТТАЛАТЫНЫНА КҮНІ БҰРЫН СЕНІМДІСІЗ БЕ, БЕКТЕНОВ?

## ҚАТЕ МӘЛІМЕТТЕРІҢІЗ ҮШІН 165 МЫҢДАЙ ХАЛЫҚ АЛДЫНДА КЕШІРІМ СҰРАРСЫЗ...

### ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары Олжас Бектеновке

**О.Бектеновтің 06.06.2019 ж.«NUR.KZ» сайтына берген сұхбатынан үзінді: Мысалы, жақында Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішевті ұстадық. Оның әдепсіздігі жайлы сонау 2013 жылы – бағыныштылардың біреуі оның ресторанның тамағын төле немесе костюм сатып әпер деп мәжбүрлегені жайлы шағымданғанда мәселе көтергенбіз (журналистер – «ішік-тон алғызған»).**
**Егер сол кезде реакция қаталдау болғанда – оны мемқызметтен жұмыстан шығарып жіберумен бітер еді, сонда бүгін мемлекетке мұншама залал келтіру мен оны бас бостандығынан айыру секілді салмақты салдарлар туындамас еді.**



**Құрметті Олжас Абайұлы!**

1. И.Ә.Әбішев бас бостандығынан айрылды деп қалай айта аласыз, егер оның кінәсі әлі дәлелденбесе және әлі сот болмаған болса?

–Жоқ әлде тергеуді сіздің ведомство жүргізіп жатқаннан кейін сіз И.Ә.Әбішевті отырғызатынына күні бұрын сенімдісіз бе?

– Жоқ әлде сіз жоғарыда отырған біреуден И.Ә.Әбішевті қамаңдар деген тапсырма алдыңыз ба, сөйтіп мерзімінен бұрын рапорт беріп жатырсыз ба?

- И.Әбішевтің ісінде мемлекетке залал келтіру деген жоқ.

Сіздің айтуыңызға қарағанда:

– тағылған айыптар бойынша И.Әбішевтің кінәсін дәлелдеу қиын болып тұр, енді сіз оның қызметінен мемлекетке келтірілген залал іздеудесіз?

- 2013 жылы И.Әбішевті жұмыстан шығарғанын, ал, 2014 жылы Елбасы Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы жұмыстан әділетсіз шығарылған адам ретінде оны өзінің бұрынғы қызметіне қайтадан тағайындады. Сіздіңше Елбасы қателескен болып шықты ма?

– 2013 жылы ол өз еркімен қызметтен кетуге мәжбүр болған еді, себебі ол су бағдарламасы бойынша 1,5 триллион теңгені жұмсауға қарсы шыққан болатын.

И.Әбішев қайтып оралған соң Үкіметтің алдында 1,0 триллион теңге шығынның артық екенін дәлелдеді және 1 триллион теңгені қысқартуға қол жеткізді, ал, шығын азайса да атқарылар жұмыс көлемін бірнеше рет көтере білді. Мысалы (кестеде):

Бұл 3 позиция, ең шығыны көп позициялар болатын. Ескі бағдарламаның барлық параметрі атқарылар жұмыс көлемі бойынша асыра есептелген еді.

2014 жылдан бері көп жыл бойы бітпеген, кейбіреуі 2005-2007 жылдары басталған, 40-тан астам нысан іске қосылды. Тек 2018 жылдың өзінде 60,0 мың.га суармалы жер қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек:

– Үкіметке 2,0 млн.адам өмір сүретін ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешудің жолын көрсеткен ұсыныс енгізді. Ол бұл мәселені 2 жылда 320,8 млрд. теңге жұмсап шешуді ұсынды, ал, бұл – қазіргі жүйе 2025 жылға дейін шешуді ұсынған жобадан 1, 360,0 млрд.теңгеге арзан.

– Үкімет оның 1,5 млн. га жаңа суармалы жерді игеру мен 0,6 млн. га бұрынғы суармалы жерді қалпына келтіру туралы ұсынысын мақұлдады. Бұл – 400 мыңға жуық жаңа жұмыс орны, 3,8 трлн.теңге жалпы өнім және 1 жұмыскерге шаққанда 9,5 млн.теңге еңбек өнімділігі деген сөз.

И.Әбішевтің қарамағында қызмет еткен адамның арызы бойынша мына сілтемені қараңыз: <u>https://youtu.be/g0tF5Pd8VwM</u>.

Арыздың мәні: ол адам өзінің «Нұр Отанға» жасаған бейнеүндеуінде (бұл бейнеүндеуді барлық телеарна көрсетті) Әбішевке деп сатып алған костюмнің чегін көрсетеді, сондай-ақ оның туған күніне жұмсаған шығынын төлеген чекті көрсетеді.

Бейнежазбаны тоқтатып, чектерді үлкейтіп қарап едік, көргеніміз мынау болды:

Чектегі костюмнің размері – 56. Әбішевтің костюмінің размері – 50. И.Әбішев туған күнін тойлады деген кафенің чегінде көрсетілген дата – 21.04.2012ж. И.Әбішевтің туған күні – 12.05.1956ж. Өздеріңіз қорытынды жасай беріңіздер.

1. Жоғарыда көрсетілген түсініктерден кейін сіз өзіңіздің қатеңізді түзететін боларсыз және И.Әбішев пен оның жақындарының алдында, еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаевқа жазылған Үндеуге бірінші болып қол қойған шығармашылық зиялы қауымның, ҚР Парламенті депутаттарының алдында, сондай-ақ үндеуге қол қойған және бүгін де қол қоюды жалғастырып жатқан 165 мыңдай халық алдында кешірім сұрарсыз деп ойлаймыз.

**Құрметпен,**
**Ислам Әбішевтің адвокаты**
**Абзал Құспан**

| № | Іс-шаралар | Ескі бағдарлама | | Әбішевтің бағдарламасы | айырмашылық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру | Мың. га. | 60,0 | 610,0 | +550 |
| 2 | Су ресурстарының үнемделуі | Млрд. $м^3$ | 0,9 | 2,5 | +1,6 |
| 3 | Тасқын суды жинақтау | Млрд. $м^3$ | 0,6 | 1,9 | +1,3 |
| 4 | Мембағдарламаның жалпы шығыны | Млрд. теңге | 1553,0 | 580,0 | -963 |

# Жоқшы ізбен

**– Біреулер «Ақселеу Сейдімбеков маңайына өз адамдарын жинап жатыр...» деп жоғары жаққа шағымданған көрінеді, – деді Ақаң маған арқасын берген күйі, қарсы қабырғадағы радиоқабылдағыштың сұңқылдақ даусын бәсеңдетіп тұрып. Орнына қайтып келіп отырды. – Бірақ мен сені өзіме жұмысқа аламын, – деді кішкене қатуланып. Осы сәт сертке бергісіз және бір сезді ішіне бүккендей болып көрінді маған. Сонан соң, жұмысқа алу жөнінде өтінішім жазылған бір парақ қағазды шұғыл алдына сырғытып, бір-біреуі шортан қармақтың үлкендігіндей имек, ірі әріптермен сол жақ бұрышына «Әлібек Асқаровқа! Әдеби қызметкер ретінде жұмысқа алынсын!» деген қиғаштама соқты. Сөйтіп бір күнде республикалық журнал – «Білім және еңбектің» қайнап жатқан қара қазанына күмп бердім. Ешкім де «Оу, университетті кеше бітірген бозаусың ғой, бұл қалай?..» демеді. Мұнда сәл сыр бар еді.**

ҚазМУ-дің журфагының 3-курсын аяқтап, аға газет – «Содиалистік Қазақстанның» редакциясында жазғы тәжірибеден өткен мен содан кейінгі екі жылда газет бетінде өкірте де, өндірте де жазып, редакдиядағылардың ықыласты назарына іліндім. Қазірде университетті бітіруден бұрын университетті түзету мәселесінен науқан туғызып жатады ғой, ал кешегі бір күндері университетті бітіру науқан болатын. Пысықайлар абыройлы кісілердің ығын алып, Алматыдағы редакциялардан шақыру қағазын әкеп беріп, сол қалада қалып жатады, ал қолдап-қоргайтын көкесі жоқ, талабы мен қабілетіне сенген жастар облыс орталықтарына тартады. Бағыма қарай, менің «көкем» болды және ол біреу емес, бірнешеу еді әрі қай-қайсысының да «осы қалайы» болмайтын. «СҚ»-ның совет құрылысы бөлімінің меңгерушісі, редколлегия мүшесі Сауытбек Абдрахманов, мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ақселеу Сейдімбек, ауыл шаруашылығы бөлімін басқарған Қойшығара Салғарин, өнеркәсіп және транспорт бөлімін меңгерген Зұлқарнай Сақиев, жауапты хатшы Мамадияр Жақып, бас редактордың орынбасары Сарбас Ақтай сияқты құдай дарынды ғып жаратқан асқар таудай ағаларым жазуымнан дәме қылды ма, әлде қой отарына үйренбеген ешкідей оқшау жүретін қарапайым мінезімді ұнатты ма, не керек, оқу бітірген тәлабаны өздеріне шақырған хатты жазуға Сәкеңді (Сарбас Ақтайды) бірігіп көндірген сықылды. Тәртіп бойынша ондай хатты газеттің бірінші басшысы жазуы керек. Бірақ басред менімен бірге практика өткеріп жүрген басқа бір жігітті сұрап, хат жолдап қойған. Сөйтіп, жолдама бөлу кезінде көп ұшыраса бермейтін жағдай – бір редакциядан екі басшы дара-дара қол қойып жіберген тапсырыс хаттардың келуі мемлекеттік комиссия мүшелерін шамалы ойландырып тастады.

Не істеу керек?

Бас редактордың хатына, әлбетте, әңгіме жоқ, сонымеи бірге қаһарлы партияның Орталық Комитетінің тілі – «СҚ»-дағы екінші адамның да пікірін жерге тастауға болмайды. Сонда ылғи да әлгіндей комиссиялардың бойын ширатып, қанын жүргізіп отыруға дағдыланған декан, оңай істі қиындатып, төндіре түсуге әккіленген декан ортадан киіп, мәселені сәтті шешкенсіп:

– Әй, Тәжімұратов, анау Пәленшеев орналасып алғаннан кейін барып, босағадан сығалап тұрып кір редакцияға! – деп, көзілдірігінің шынысы әбжыландай жылтырап, қарқ-қарқ күлгені.

Інісінің ыңғайын танып, ректор да дертеден бұзылған аттай бір езуледі.

Араға қаншама жыл түсіп, мөрі өшіп, малталанып кеткен сол оқиғаны бүгін кеп қайта жаңғыртып, жершілдікке апарып жанастыру қаншалықты қисынды екенін білмеймін. Бәлкім, бұл жер соның бәрін айтып, әлдекімдерді кінәраттап, талдап та жататын жер емес шығар. Руды, жүзді сырт естуі бар, бірақ соның бәрінен аулақ, сүйегіміз – жанбілмес руы деп жүретін жас жанның жүрегін қабаржыта, ар-намысына шаншудай тиген әлгі сөздің салған жарасы да баяғыдай жазылып, өкпе-сокпа да ұмытылған. Ендеше қатқан көнді неменеге жібітіп отырмыз?

Маңайына өзімен аталас елді ғана жинайтындар, жүзшілдіктің туын көтеріп жүретіндер, соған сәйкес өз желісінде өспеген пырақты қатарға қоспайтындар оңған заманда да, мұндар заманда да болған. Бірақ қазақтың бәрі шетінен сондай екен дейтін болсақ, тағы да қателесеміз. Кейін сақаланғанда ойласам, ілгеріде маған жаны ашып, саясына тартып жүрген аға топтың өзіме ру, жүз жағынан үш қайнамақ түгілі бес, қайнаса да сорпасы қосылмайды екен. Біреулері – баласы арық қазып ойнайтын өңірден, екіншісі – сексен көлді аясына алған терісқейден, енді бірі – «тарақ таңбалы» елдің оғыланы. Сөйте тұра талантты бұл шоғыр қазақтың осы бір қылқандай жігіті қатарымызға келіп тұрсыншы, ұлтымыздың мұңын мұңдап, жоғын жоқтау дейтін еселі іске қаламымен титтей де болса үлес қоссыншы, ата-бабамыз мехнатты бірге көрген, зейнетке бірге кенелген, айқасса жауы, ағайындасса досы бір болған Кіші атам ұрпағы ғой деп Алматыда қалуыма, қаламымды ұштауыма шын тілекші болған екен. Ақыры Сәкең жіберген хаттан басред жағындағы топтың топары басым түсіп, маған «СҚ»-дан орын тимей қалған кезде: «Мына ызы-қиқы бітсін, сонан соң көрерміз, Ақа, Мақсатты өзіңізге орналастыра тұрсаңыз қайтеді?» – деген Сәукеңнің бір ауыз тілегін орнына келтірсе керек, сол тұс газеттен «Білім және еңбектің» бас редакторлығына ауысып келіп жатқан Ақаң. Үстінен жоғары жаққа ызғыған арыз-шағымға да қарамаған. Қазақша қайырғанда, басын бәйгеге тіккен жері.

Неге бәйгеге тігеді?

Сөз басында «Ақаң сертке бергісіз сөзді ішіне бүккендей болды» деуіміздің де сыры осы тұста ашылады.

Бүгінде қазақтағы жершілдік, жүзшілдік, рушылдық жөнінде сымға тартқандай ақылман сөзді әркім-ақ айтып, әркім де жазатын болды. Өйтпесек отыра алмаймыз ғой. Керек шығар ол да. Бірақ, өкініштісі, шынайы өмірде сол сөз бен іс ылғи да бір жерден шыға бермейді. Тандырдан шыққан ыстық нан сияқты қолға жаңадан тиген жойқын кітабында Ақаң да бұл тақырыпты айналып өте алмапты. Айналып өтпегені несі, бейдауа вирус делінетін оның тамырына аяусыз балта шапқандай етіп ашыла да ашына түйреген екен сын садағын. Автордың пайымдауынша, біз рушылдық, жүзшілдік деп жүрген құбылыс – көздеген мақсатына жету жолында топ құрап, топар сайлап, жең ұшынан жалғасқан протекционизм. Қазақтың рушылдығы, дәлірек айтқанда, қазақтың протекцияшылдығы оның ру-тайпалық жүйені бастан кешкендігінде емес, керісінше, сол ру-тайпалық жүйенің ұлтты ұйыстыратын қасиетін білмей мәңгүрттенуінен. Бұл – Ақаңның қисыны. «Егер шежірелік дерекке байыппен ден қояр ұрпақ болса, қазақтың кез келген ру-тайпасының құрамында үш жүздің де этникалық аралас-құраластығының бар екеніне... көз жетер еді. Бүгінгі қазақ протекцияшыл болуы әбден мүмкін, алайда рушыл боламын десе де бола алмайтыны хақ. Қазақ рушыл, жүзшіл болуы үшін жарық дүниеге әкелген шешесін, не перзент сыйлап отырған әйелін, не немере сыйлаған келінін басқа рудан немесе басқа жүзден болғаны үшін тәрк етіп, бөлектенуі керек. Бұл мүмкін емес жағдай. Соған қарамастан, рушылдық, жүзшілдік сезімінің құлы болатындарға рухани жарымжандар ретінде мүсіркей қарауға тура келеді», – депті зерттеуші.



**Мақсат ТӘЖ-МҰРАТ, әдебиеттанушы-ғалым, эссеист**

Осы сөздерді басқа біреу айтса ғой, шамалы ойланар едім, ал Ақаң айтқан жерде қалтықсыз сендім. Себебі опырылып түскен жақпар тастай бұл кесек ойды автор өзінің өмір тәжірибесінен алып отыр. Өз кітабында сынға алып, шүйілгіп отырған әлгі әлеуметтік кеселдің астарында ру атын жамылған өзге бір пиғыл жатқанын ерте аңғарып, іштей қазықбау етіп шалған жан онымен өмірде де талай ашық айқасқанына дәл өз басымнан өткен жоғарыдағы жай айқын ыспат емес пе?!

Ақаң протекционизм деген сөзді қазақшалап жатпастан, сол күйінде алыпты, ұстаз аудармағанға шәкірт тыраштанбас болар, дегенмен, әлгі аты өшкір ұғымның мағынасын қазақтың «әкей-үкейлік» дейтін сөзі шамалы дәлірек беретін сияқты. Неғылса да, мен журналға қызметке орналасқан тұста редакцияда сондай біреденe болды.

Жалпы, шын творчестволық ортада көштегі бір түйенің жабуы қисайса бірігіп түзейтін ынтымақ ылғи да орнай бермейді. Одан гөрі ұжымда идеялық бірауыздылықтың, мұраттастықтың болмауы қиындау. Бұрынғы бастықтың тұсында кісінесіп қалғандардың жаңалыққа көне алмайтыны, іргелерін қолдан бергісі келмейтіні одан да қиын. Содан да әлгі топ, әрқайсысы табаны жалпақ тарланбоз журналист бола тұрып, лездемелерде қаршадай мені сынайды да жатады. Солардың біркатары өзіме жүздес те еді. Бірақ «Сейдімбековтің адамы» дейтін суық таңба араға керте боп тұра қалған кезде, әлгі руластықтың да, жүздестіктің де күл-паршасы шығып, сағым көтергендей ғайып боп кетер еді. Осыдан-ақ көрінбей ме, Ақаң табиғатын ашып жазған, бірақ өзі қазақшалауды жөн деп таппаған қауіпті кесел қазақтың өмірінде анық бар екендігі.

Ай, өзіме де обал жоқ, сұлу сөзбен көз қарықтырып жазуға құмар максимализм бе әлде кісі кебек жұтқандай кептеліп отыратын тіл жұтаңдығына өзімше қарсылығым ба, әйтеуір ескіліктің тіл көріністерін пайдалануға құштармын. Сөзді мағынаға бағындыратын тілдік тәжірибелер де жасап қоямын. Мысалы, «жолға шықты» демеймін, мағжаншылап, міржақыпшылап (1984 жылы!) «жол тартып», «жол алып» деп жазамын, Евней Букетовке еліктеп, «алыс жорықты игерді» дегім кеп тұрады. Қолдан қалып қиып, канон жасап отыратын стандарт, әрине, Евнейге көнсе де, менің мұндай еркіндігіме көңгісі келмейді: әр әрпімді көтеріп қарап, жазуымнан кібіртік, қолтаңбамнан сықыр тауып, онысын ұшқалап, жиналыстың үстінде бас редактордың алдына құмар ойындағы көзір карта сияқты тартады да отырады. «Әп, бәлем, бауырын көтермеген күшіктің біткен жері осы шығар...» дейді стандартшылдар ішінен. Бірақ қай ұжымда болсын шеген құдықтай шешімді сөзді бірінші басшы айтады ғой. Ұлттық сезімі тайпалық сезімнен әманда жоғары тұратын табанды ұлтшыл – Ақаң бұл жерде де өз биігінен табылып, балапанын қорғаған қыран құстай саңқ ете қалады: «Жігіттер, Мақсат – сөз білетін, сөз баққан ауылдың баласы!». Жиналыстан кейін алып қалады, енді оқсатып ұрсатын шығар десең, айтатыны: «Айналайын, өткенде «қосөрім жымдасқан» деп жазыпсың, қамшы өретін менің сөзіме сенгін, қазақ жабдығында екі өрім болмайды».

Есебін тауып мақтағанға әркімнің де іші балқаймақтай ғой, алайда бас редактор жастарды мақтамен сипағандай жұп-жұмсақ сөзбен ылғи да сипай бермейді, базбіреулер сияқты қит етсе ыза-сырықтан өткізе қумайды да. Құрғақ ақыл айтып, қобыз да тартпайды. Журналистиканың дағдылы күйбеңінің қамытын киіп жүріп-ақ, ісімен баулитын біртүрлі, өзгеше данагөй тәрбие еді Ақаңның тәрбиесі. Қаламынан таспадай тілініп, қамшыдай өріліп шығып жататын мақалалары өз алдына, бұл жерде менің айтып отығаным – Ақаңның белгілі әңгімешілдігі, сөзге құлақ асып, тыңдай білуге үйрететін тәрбиесі.

Әдетте жастар жағы үлкендік сипаты бар, үлкендік келбеті бар адамдарды сыйлайды ғой. Мені жұмысқа қабылдаған жылы Ақаң 42-де екен. Жігіт жасынан шығып, жігіт ағасы жасына ойысқан шағы, бірақ, о тоба, бізге ақсақалдай боп көрінетін.

Ол заман бір этаждағы төрт-бес редакция өзді-өзді бақ-береке ұйым, сауық-сайран жиын еді. Сондай «вечерлерде» Ақаң томағасын сыпырған қырандай құлпырып сала береді. Нағыз сәнді әзілдің көшбасшысы ол тамырға от қойып, маздап жанған шоқтай боп сөйлеп кеткенде біз қыран-топан күлкіге оралып жатамыз. Бір кезде сеңдей сөгіліп, селдей төгіліп «көңілашар» әңгіме кетеді. Бір басына бірнеше өнер қонған Ақаңның өз қолынан шыққан өткір бәкісінің астындағы бас әбден кершеуленіп мүжіліп біте келгенде ағамыз бізді «аңыз кеуде ақсақалдарымен» табыстырады. Ас суыған, айран ұйыған. Ақаңның тыңдаушылары, Ақаңның оқырмандары – Ақаңның езі сияқты құбылыс. Лезде «көкбазардың» жанынан бейне бір денеңе қанат біткендей самғай көтеріліп, аққүрең көде мен ақ селеулі даладан бір-ақ шығасың. Қазақтың әрегіректе өз бетімен емін-еркін көшіп-қонып жүрген заманы... Артта қалған, қайта айналып келмейтін баракат өмір... Қыздары сұлу, ақсақалы кең, азаматы мәрт, әрі өнерлі, әрі жомарт ел... Жерінің тарихы аңызға, елінің шежіресі ерлікке толы қасиетті топырақ... Ал сол тот басқан әңгімелерді жаныпжанып жаңартып, тымақтай бұлғап, төңкеріп-төңкеріп алып тайпалтып отырған хикаяшының шеберлігі қандай?! Серке Қожамқұлов: «Сөзді әркімге әрқалай береді. Жазушының маңдайына, әртістің таңдайына береді», – дейді екен. Ақаңа екеуін де берген ғой мырза құдай. Әңгіменің мазмұндылығы, эмоционалдық жағы, ұтқыр-жинақылығы өзара мінсіз қабысатындығы сонша, көкейіне сөз қонатын адам табан аузында жаттап алар еді. Күнделік сүйкектету дағдымда жоқ мен сол күннің кешіне Ақаңның айтқандарын бір бөлек дәптерге түртіп қойып жүрдім. Кейін төрт-бесеуін «Жалын» журналында жариялаттым да. Сонда ойлайтынмын, ағамыз осынша қыруар дерек пен ырғын хикаяны бір басында қалай сақтап жүреді екен деп. Өзі айтатындай, «екі күнде қазақтың арбасы жөнінде замаңнан құлатып, аттың басындай мақала жазып әкеле алатыны» рас па екен, тап бұлай істеуге, басқаны былай қойғанда, адам бойындағы даярлықтың өзі жеткіліксіз емес пе

№34 (852), 16 qyrkúıek, 2019 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



# келеді

дейтінмін. Қысылшаңда тез жазып тастайтын репортерлік мақала емес қой ол деген...

Осы күдігімді сезді ме әлде жастарды жазуға баулыған кезде қолданылатын тәсілі ме, кім білген, әйтеуір бір күні бас редактор қолыма қалыңдау бір дәптер ұстатты. Ақаңның жұмысты ұйымдастыру тәсілі, яғни «шриф-конспект» жүйесі екен. А-һа, енді білдік! Кешегі бір күндері жазғыштардың арасында сәнде болған «творчестволық лабораториялық» дейтін тіркесті естісем, көз алдыма химиялық айқасу үстіндегі неше түрлі колбалар келетін. Ал Ақаңның өзім танысу бақтиярлығына ие болған шифрлы дәптері шынымен де өзінше бір зертхана еді. Жазғыш адам әдетте құлындаған биедей де қызғаншақ болады ғой. Ал Ақселеу Сейдімбек – қолындағысын өзгемен бөлісуге келгенде кеңдік жасайтын ғалым. Академик Зимановтың Зекең туралы айтқан: «Щедр как талант, как талант щедр», – деген сөзін Ақаңа қарата әбден қолдануға болады. Бірақ оның жоғарыдағы шифрлы жүйесі әлі де жұмыс істеп тұруы мүмкін ғой, сондықтан зерттеушінің ең алдымен қажеттіліктен туған тәсілін бұл жерде алға жаю қиындау болып тұрғаны. Бір айтарым, маған берілген шифр-конспектіде (ал олар бірнешеу болуы керек) әр тақырыптағы дерек-мағлұматтар қысқа уақытта қиналмай тауып алатындай етіп жүйелене тізілген екен: қымыз ашыту; ыстау; ұлттық сүт тағамдары; ұзындық өлшемдері; ру атына, ұранға, шыққан әйел-аналар, т.б. Мақала жазарда «обязательно» интернеттен сауат ашып алатын бүгінгінің журналисіне ондай шифрлы дүниенің тап керегі де бола қоймас. Десе де: «Сұлу әйелді көргенде, ақылды әйелді аяймын», – деп Қадыр ақын айтпақшы, бүгінгі редакцияларда зәуімде ғаламтор өшіп қалса, компиляцияға мәтін ала алмай, көз алдымда дәрменсіз бейшараға айналатын журналисті көрген кезде Ақаң берген шифрлы дәптерді ойға оралтатыным бар. Жылдар бойы бірнеше тақырыпты қатарынан ыждағатпен, беріле зерттеп және соларды кейін бір арнаға сарқып құю арқылы өзіндік концепциялы жүйе қалыптастырьш жүрсем, ол – ең алдымен «Білім және еңбектің» шарығынан алып шыққан көп олжамның бір көрнектісі.

Ол кезде комсомолдың «екпінді құрылыс ендіктерін» қалдырмай аралап, мақала жазып, Жөректің Тайыры айтқандай, «өзім де қумын ғой, баяғы заманға аттап баспаймын...» деп жайыммен жүрген жас едім. Бір күні сол түсінігім шырқ айналып, басы аяғына келді.

Әлі есімде, шілденің ортасы, күн қуырып бара жатқан соң есікті ашып тастап жұмыс істеп отыр едік, Ақаң шақыртты. «Мынаны Шота Уәлиханов ағаңа апарып бер», – деп мелжемді пәпкі ұстатты. Редакцияға күніге келіп-кетіп жататын «сақалдар» мен «нахалдардың» біреуінің «нама жазуы» шығар деп, алғашында онша көңіл бөле қоймадым. «Ағаның тапсырмасын орындасам жаман болмаспын, журналистігім жорғасынан тана қоймас...» деп жүгіріп кетуге дайындалдым. Дәл қазір нақты есімде жоқ, піл сүйегіндей болып қолымды тартып бара жатқан соң басқа, ыңғайлы пәпкіге ауыстырып салғым келді ме екен, әйтеуір сол жерде ашық қалған қолжазбаның бірінші бетіне көзім түсіп кетті. «Алғы сөз» деп жазылған екен жол ортасына әдемі қия жазумен. Одан әрі: «Үш жүзден тараған ата-бабаларымыздың әр бұтағынан өсіп-өнген ұрпақтар есімін шежіре ретінде хатқа түсіруді (толық болмаса да) мақсат етіп, ширек ғасыр бойы шұғылдандым. Шежіре шыңырауының шындығы мен тәжірибесі бүгінгі ұрпаққа үлгі болар, ғибрат алар деген оймен, осы жазғандарымды оқырман қауым уалетке, артқа қалдырып отырмын. Диньче Көкенұлы Билялов».

Міне, қызық! Журналистік әуестігім жеңіп, парақтай бастадым. 300 бет ататек тізіліс сызбамен көрсетілген екен, ара-арасында қара сөздері бар. «Число душ и скотоводства по документам переписи 1917 г. Павлодарского уезда» делініпті бір тараушаның аты. Тоқта, тоқта, Ақаң осы жақында ғана кезекті еңбек демалысын Баянауылда өткеріп қайтқан жоқ па, тіпті тап-тақыр етіп қырғызып тастаған шашы да онша өсе қойған жоқ. Ал Баянауыл Павлодар облысының аумағында емес пе? Олай болса, мына қобыраған көп қағаз демалысында да мігір көрмейтін жампоз ағамыздың сол жатқан алып келген олжасының бірі болды.

Сағатыма қарасам, жұмыс уақыты аяқталып қалған екен. «Қой, Шәкеңе таңертең, тың күшпен барайын» деп, қолжазбаны көтеріп үйге қайттым. Тіршіліктің мәңгі таусылмас қарекеті өз ағысымен үйіріп әкетті, бірақ, «қарғаның бір көзі оқта, бір көзі шоқта» демекші, бір көзім үстелді қайыстырьш, үн-түнсіз маған «қарап жатқан» қолжазбада. Ақыры шыдамадым. Жанына кәрі қойдың тісіндей сарғайған типографиялық қағаздың бір буатын қойдым да, көшіріп жазуға отырдым. Ақаң кітабы жайлы осы үшбу мақалама материал әзірлеп жүріп, сол бір «көзімнің жасын, мұрнымның боғын» архивімен тауып ап қарасам, Дінше шежіренің «Алғы сөзінен» әртаман «16 июль, 1984 жылы алып, сол күні көшіріп жазуға отырдым» деп өз жанымнан сөз қосыппын. Және шиырып қол қойып, «Бір дана» деппін. Ақаң заматында апарып бер деген аманатты сонда неше күн өзімде ұстамақ болғанмын? Ол жағы есімде жоқ, өзімше амал тапқаным жадымда: күндіз Мәдина көшіреді, жұмыстан келіп өзім жалғастырамын.

Солай болды да. Алайда, Ақаң айтатындай, «шежірелік аңыз-әңгімелерді сыпырып-сиырып көкейіне құйып алған»... құйып және құйып алған шежірешінің жиырма бес жыл бойы соншама ыждағаттылықпен тірнектеп жинағанын түгел көшіру бірнеше күнге кететіні анықка шықты. Ең қиыны, ана жақта Шөкең (Шота Уәлиханов) күтіп отыр ғой. Ақаң да кез келген уақытта сұрап қалуы мүмкін. Не керек, жұмыста көзімді ми бапкерімнің кабинетінен алмаймын, ал жүрек байғұс үйде қап кеткен. Артында құлыны қалған бие тәріздімін. Редакцияда бұрынғыдай мұрын қанату жоқ, тақым қажап қана қайтам. Үйге келсем, Малая станицадағы түріктің абажадай жалдама бөлмесінде, өмір бойы орысша оқуы себепті тілі енді-енді шыққан баладай қазақша әреңпәрең сөйлейтін Мәдинам қаламы көстеңдеп, «қазақша» желіп отырады. Әр сөзінде – үш қате! «Қ»-ның аяғы жоқ, «ұ»-ның белдемесі ұшып кеткен. Бірақ, әйтеуір, жоқтан жақсы, жүргізіп оқуға болады. Дереу «вахта» ауысады. Түнді орталай, сарыла отырып көшіремін. Басым киізденіп кетсе де үтірін қисайтқым келмейді. Ұйқы қысып, кірпігім айқасып кетпеу үшін өзімді инемен шамалы піскілеп қоямын. Ақыры, 300 бет қолжазба үшінші күн дегенде, дүние тіршілігінің қызығын буржуазиялық тоғышарлық көретін, одан кітап оқығанды әлдеқайда маңызды деп санайтын «идеалистер ұлты» өкілдерінің мұқалмас жігері мен тасшайнар қайратына төтеп бере алмай, қақырай құлады. Сол күні алғаным: «Мектепте «дервляне» мен «полянеден» көз аштырмай қойып еді, ал мынау... мынау...» – деп пора-пора болып егілгенін көрсеңіз. Сол күні мен үшін дүниедегі ең қымбатты, ең қадірлі боп кеткен пәпкіні жүрек тұсыма басып, тақам қисайып, Шәкеңнің Горький паркі түбіндегі жобалау институтына елең-делең жүгіргенімді көрсеңіз.

Сол күні жоғалғанымыз түгелденіп еді. Сөйтсем, жалғыз біз ғана емес екен жоқ іздеп жүрген. Артынша Шымкенттегі «Типрофосфор» Қазақ ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер боп істейтін қайнағамыз аттай қалап әкеткен қолжазба ол жақта айтылмыш мекеменің көшіргіш құрылғысы арқылы көбейтіліп, бірнеше дана боп оралды. Оларды жақын-жуыққа, көңіл жетер жігіттерге оқып шығуға беріп, қатаң түрде қайтып алып отырдық. Қазір ойлап қарасам, көшірме нұсқаға «Бір дана» деп жазып, сақсынуым да бекер емес сияқты. Әубәкір Нілібаевтың мына бір пікірін мысалға алайықшы: «Жақында орыс шежіресінің толық жинағының 37-томы шықты деп естідік. Ал біз болсақ, өзіміздің ұлттық шежіремізді жасамақ түгіл, «шежіре» деген сөзді айтудан қорқып, ат-тонымызды алып қашамыз». Ақын бұл сөзді демократия толық салтанат құрған 1989 жылы жазып отыр! Содан бес жыл бұрын «қырағылық» 37-дегідей қияға шарықтап тұрмаса да, бас кетіп қалатындай қауіп төнбесе де, пәле іздегенге сені жұмыстан қуу яки «асқабағыңнан» гүрзімен бір ұрып талдырып тастау үшін шалжақ ауыз сандығыңнан шежіре шықса, соның өзі жетіп жататын. Және қандай шежіре?! Шежіре ғана емес, тарихи зерделі қолжазба.

Кейін беріде жарық көрген шежіре кітаптың талайымен таныстық қой. Алла ғайбатқа жазбасын, солардың көпшілігі қазаққа аты онша таныс емес Дінше Біләлов жиған шежіреге жетпейді деуге ауыз барады. Себебі автор әдеттегі топан судай қаптаған жыл қуу, тұқым қуумен шектелмей, қазірде библиографиялық сирек кездесетін кітаптарға жүгініп, руларды уез-уез бойынша орналастыра отырып шежірелейді және, ілгеріде айтқанымыздай, жан саны, мал басы сияқты құнды сгатистикалық мәліметтер келтіреді. Айрықша тоқталар тұс – шежірелік аңыз-әңгімелер кестелердің босарлығын толтырып тұру үшін емес, белгілі бір мақсатпен, жүйемен келтірілген. Талантты этнограф-ғалым Жамбыл Артықбаев Ақаңның сөз болып отырған «Қазақтың ауызша тарихы» монографиясына арнайы жазған тамаша бетжабар мақаласында Ақаңның шежіре арқауы ретінде қандас туыстықтан бұрын рулар мүдделестігін атаған тұжырымына шамалы түзету енгізгісі кеп, қазақ шежіресінен мемлекеттік идея іздепті, тәуелсіздікті негіздеген алтын қор іздепті. Айтуынша, негізінде қазақ тарихында ру-тайпалық мүдделестіктің мемлекет мүддесімен кереғар келіп қалуы көп екен, мысалы, Едіге мен Тоқтамыстың, Бекболат би мен Абылайдың арасындағы келіспеушіліктер. Осы орайда Ж.Артықбаев мемлекеттің тұрақтылығын, биліктің киелілігін (сакральдығын) қамтамасыз ету үшін Алаша хан, Уыз хан, Әз Жәнібек, Қасым хан, Абылай хан туралы аңыз-жырларды қазақ шежіресінің асыл үлгісі ретінде алуды ұсынады. Ізгі ниет екен, бірақ бүкіл ынсаният төл тарихын идеологиядан аршып алып, саясаттан аулақ әкетіп жатқан кезде біздің елден ала бөтен кеңестік ескі сүрлеуді қайта тауып жатуымыз қалай болады? Екіншіден, қазақ шежірешілерінің бізге аманаттап кеткен қай мирасында да Жамбыл айтқан жәйт мәселенің мәселесі емес. Ілгерідегі Дінше шежіресінде қазақтың тарауы, үш жүздің құралуына қатысты Нұх, Майқы, Алаша хан атымен байланысты аңыздар келтіріліп, қалған жерде қара сөз кейінгі орта ғасырға тән «кірме» мәселесінде ғана қолданылады (Әлдебек бидің Абылай хан баласы Қасым төреге арғы тегіндегі шикілікті бетіне айтуы, Ғабит Мүсіреповтің ұлы аталарының зайры түрікмен екендігі, т.б.). Олай болса, қазақ шежіресінің бір діттегені – Ақаң дәлелдегендей, ру мүдделестігі, одан да дәлірек айтқанда, ұлысты, ұлтты қан жағынан таза ұстау. Шежірелердегі аңыз-әңгімелердің дені қазақтың іргелі ру-тайпаларының құрамына еніп кеткен кірме аталар туралы өшпес дерек бере отырып, этносты таза күйінде сақтау ісінің маңызды бір тетігіне айналған. Шынында да, бүгінде ретті-ретсіз көп айтылатын қазақ тілін жалпыхалықтық тілге айналдыру (лингвистикалық ұлттандыру), сөйтіп қазақша сөйлегеннің бәрінің төлқұжатына «ұлты – қазақ» деген белгіні баса беру жайлы қитұрқы идея, түптен ойласаң, ата-бабаларымыз үнемі есте сақтап келген «кірме» элементтерді ара-даралығынан айырып, біркелкілендіріп жіберу, сөйтіп Ақаң жобасын сызып беріп отырған «этникалық қорғаныс сезіміне» селкеу түсіру боп шығар еді. ЭҚЗ – Батыстағы азаматтық «ұлт» ұғымынан қазақ ұлтының мүлдем бөлек жаралым екендігін үнемі есте ұстау.

*(Жалғасы бар)*

**Абзал ҚҰСПАН:**

# ИСЛАМ ӘБІШЕВТІ СОТТАУҒА ЕШҚАНДАЙ БҰЛТАРТПАЙТЫН ДӘЛЕЛДЕР ЖОҚ!..

## ПАРСЫ ПАТШАСЫ ШАҒДАТ ХАН ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БИЛІГІ

*«Ел басқарғаннан су басқарған қиын»*

*Қазақ даналығы*

...Толыбай сыншының баласы Раушанбек қызылбастардың (парсылардың) қолына тұтқынға түсіп қалды. Бұл жайлы сөз Шағдат патшаның да құлағына жетті. Патша еріксе де, зеріксе де, сыншының өзін сынап көрмекке бел буды. Бірінші сынақ – түйеден нарды табу болатын. Раушанбек қанша келе түйені аралай келіп, біреуін нұсқады:

– Міне, нар дегеніміз осы!

Патша күмәнданды:

***– Оның нар екенін қандай қасиетінен білеміз?***

***– Кәзір нарды шөгеріп, төрт аяғын байламаған күйі екі жігіт өркешінің екі жағынан терісін тірідей сыдырсын. Сыдырып болғанша нар сыр бермейді!***

Айтқандай-ақ, әлекедей жаланған екі жігіт теріні сыдырып жатқанда бір рет те дыбыс шығармаған түйе әлгілер түгел сыдырып болғанда күрс етіп құлап, сол жерде өліп кетті. Патша бастаған қалың топ «мына жігіт шынында да білгір екен» деп таңдай қағысты.

Екінші сынақ – жылқыдан тұлпар табу. Раушанбек елдің жүздеген үйір көп жылқысынан тұлпар таппады. Патша шыдамай, өзінің аузымен құс тістеген екі жүйрігін көрсетті. Сыншы оларды да «тұлпар емес!» деп, патшаның аспандаған көңілін жер етіп тастады. Содан елді аралап, тұлпар іздеп жүргендерінде бір жылғамен ағып келе жатқан жылқының тезегін көрген Раушанбек:

– Міне, тұлпардың тезегі! – деп айқайлап жіберіп, шаба жөнелді.

Жоғары өрлеген бұлар ат қораны тазалап жатқан ақ сақалды қарияға тап келді. Раушанбек атынан домалап түсіп, тұлпарды көрсетуін өтінді.

– Қарағым, тұлпардың сүйегі баяғыда қурап кеткен...

Тұлпардың бас сүйегі көмілмеуге тиіс, сыншы енді соны көргісі келді.

– Міне, мынау тұлпардың бас сүйегі, – деді ол патшаға қасқая қарап тұрып.

Патша тағы да қоюға тиісті сұрағын қойды:

– Оны қалай білеміз?

Раушанбек сонда «Тұлпар» аталуы тиіс тас тұяқтының денесінде 70 жерінде тесігі болатынын, тесіктің бәрі бірте-бірте ашылып, тұлпар аузымен ғана емес, ең алдымен сол тесіктер арқылы дем алатынын (осындайда бөшкедегі майлы бояуға мойнына дейін отырғызылған адамға ауа жетпей, аузы-мұрны ашық болса да, өліп кететіндігі еске түседі...), сол 70 тесіктің 7-і тұлпардың бас сүйегінде болатынын, соның арқасында оның шаршамайтынын түсіндірді.

***– ...Екеуі тұр отыз тістің жігінде,***
***Екеуі тұр екі құлақ түбінде,***
***Бізден басқа жан білмейді бүгінде, – дей келіп, патша мен оның уәзірлеріне әлгі жеті тесікті көрсетті.***

Ордасына тәнті болып қайтқан патша енді өзін сынатқысы келді.

– Тақсыр, мен сізді сынамаймын!

– Е, неге?!

– Себебі, мен сынаған соң шындықты айтуға мәжбүр болам, ал, сіз оны естіген соң менің басымды аласыз...

– Жоқ, не айтсаң да, басыңды алмауға уәде берем!

– Жарайды, онда тыңдаңыз. ***Сіз өзіңіз айтқандай, ешқандай да жеті атасынан бері патшалық үзілмеген қаракөктің ұрпағы емессіз. Сіз – наубайшының баласысыз!***

Патша орнынан атып тұрды. Қолы қылышының балдағына қалай барғанын өзі де байқамай қалды.

– Тақсыр, мен айттым ғой, сіз басымды аласыз деп!

Уәзірлер, оның ішінде патшаның досы да бар, қасы да бар, сыншының неге бұлай дегенін естуге олар да құмар, түгелімен:

– Тақсыр, тимеңіз, уәде бердіңіз! – деп шу ете түсті.

– Жоқ, өтірік! Әкетіңдер, шабыңдар басын! – деп қалшылдады сабасына түсе алмаған билеуші.



– Тақсыр! – деді сонда сыншы. – Өзіңізді туған анаңыз бар шығар, сол кісіні алдыртыңыз да сұраңыз. Егер қолына Құран ұстап тұрып, менің сөзімді өтірікке шығарса, басымды шаба беріңіз!

Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды, патшаға да анасын алдырғаннан басқа амал қалмады. Болған жайтты, мынадай шартты естіген ақ шашты ана еңкілдеп жылап қоя берді.

– Рас, сен наубайшыдан тудың, балам... Себебі, менің саған дейін тапқанымның бәрі қыз болды да, саған келгенде күйеуім ерекше үміттеніп, «үйде отырып «ұл!» деген сөзді бірден естісем, жүрегім жарылып кетер, шабарманның бірі алыстан айғайлап, сүйіншілеп, хабар жеткізсін» деп аңға шығып кетті. Мен сорлы тағы да қыз таптым. Ал, наубайшымыздың әйелі де дәл сол мезетте босанып, ...тағы да ұл тапты. Мен оларға бір дорба алтын бергіздім де, Құран ұстатып, қасам ішкізіп, бүкіл күйеуі, бала-шағасымен құлақ естіп, көз көрмес бөтен елге апарып тастаттым. Оны сарайдағы білетін екі сенімді жігіт те дәл солай ант ішті. Бүгінде олардың бірі де жоқ, бәрі о дүниелік болып кетті. Бірақ, мына бала дұрыс тапты. Төрімнен көрім жақын кезде жазықсыздың жанын қиып, о дүниеге күнә арқалап барғым келмейді, ұлым!..

Жұрт бірте-бірте есін жия бастады. Енді бәрі де Раушанбектің неге сүйеніп дәл тапқанын білгісі келді. Сонда сыншы сөйледі:

***– Мен бірінші сынағыңыздан да, екінші сынағыңыздан да сүрінбей өттім, тақсыр. Егер сіз шынымен текті атаның ұлы болсаңыз бірінші сынақтан соң менің үстіме алтын жіппен тігілген қамқа тон кигізер едіңіз. Екінші сынақтан соң астыма арғымақ ат мінгізер едіңіз. Ал, сіз мен сынақты тапсырған сайын сіз не істедіңіз? Сіз екеуінде де «мынаған бір тандыр нан әкеліп беріңдерші» дедіңіз. Мен соған қарап сіздің наубайшының баласы екендігіңізді білдім...***

Біз неге мақаламызды көне «Көрұғлы» қиссасын еске алумен бастадық? Оны көп ұзамай өздеріңіз де түсінетін боласыздар.

### ИСЛАМ ӘБІШЕВТІҢ ІСІ ҚОҒАМНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛСА, АҚТАП АЛАРЫМЫЗ СӨЗСІЗ!

Кеше,12 қыркүйек күні Астанада Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішевтің қорғаушылары баспасөз мәслихатын өткізді. Оған елімізге белгілі заңгер Абзал Құспан, қазақтың көзі тірі классик жазушысы Дулат Исабеков және И.Әбішевпен бірге қамауға алынған Серік Түкеевтің қорғаушысы Ерлан Маркенов қатысты. Мәслихатты өткізуге келіскен қонақүй табан астынан уәдесінен тайып, ұйымдастырушылар оны бір күн қалғанда басқа орынға ауыстыруға мәжбүр болды. (Бұны «портретке бір штрих» демеске амал жоқ...)

Мәслихат И.Әбішевтің 2012 жылы ақпанда АШМ Су ресурстары комитетіне төраға болып сайланғаннан бергі қызметін қысқаша қамтыған бейнероликті көрсетуден басталды. Ол сол жылы 300 млрд. теңге үнемдейді. Мысалы, Астана су қоймасын қайта жарақтауға 31 млрд. теңге жоспарланыпты. Өз сөзімен айтқанда, «Өскемен қаласында құрылысқа жылына 3-4 миллиард теңге жұмсалса, мұнда бір жылда 70-80 млрд.теңге жұмсалатынын көрген, мұншама үлкен қаржыны тиімді пайдалану ең маңызды мәселе екенін түсінген, сондықтан, ең алдымен құны 1 миллиардтан асатын жобалармен танысып, талдай бастаған» Ислам Әбішев 31 млрд.теңгенің ісін 2 млрд. теңгемен де атқарып шығуға болатынын көреді:

*«...– Астана су қоймасын қоршауға мемлекеттен шектен тыс көп қаржы бөлінген – 31 млрд. теңге! Жаңа құрылыс емес, тек қоршауға осыншама қаржы бөлінгеніне таңғалмау мүмкін емес. Өйткені, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары боп тұрған жылдары өзім бастан-аяқ құрылыс жұмысына қатысқан жап-жаңа Көксарай су қоймасына мұнша ақша жұмсалмаған. Көксарай су қоймасының көлемі – 3 млрд./$м^3$, Астана су қоймасынікі – 450 млн/$м^3$. 2008-2011 жылы Көксарай су қоймасына 45 млрд. теңге жұмсалған. Ал одан 6,5 есе кіші су қоймасының болмашы жөндеу жұмыстарына мемлекеттен 31 млрд. теңге бөлінген. Жобаның бүге-шігесіне дейін есептей келе, бөлінген қаражаттың 29 миллиардын кесіп тастап, Астана су қоймасын қоршау, жөндеу жұмыстарын 2 млрд.қаржымен бітірдік.*

*...Бартоғай су қоймасының техникалық параметрлерін қалпына келтіру 22 млрд.теңгеге жуық деп жоспарланған. Неге мұнша қымбат екенін зерттеп қарасақ, 19 млрд. теңге су қоймасының түбіне жиналған тұнбаны тазалауға кетеді екен. Ал енді сол көлемдегі шөгіндіні тазалаудың қажеті жоқ деп есептеп, 19 млрд. теңгеден астам қаржыны қысқартып тастадық. Себебі су қоймасындағы пайдаланатын судың көлемі өзгерген жоқ.*

*Осылайша, 2012 жылы 300 млрд.теңгеге жуық қаржы шығынын қысқарттық. Ол оңайға түскен жоқ. мамандармен бірігіп, әрбір жобаны терең зерттеп, оған техникалық талдау жасап, қаржылық мониторингтер жүргізу арқылы атқарылды.*

*Бұл сол бір жылда кете салатын қаржы емес, 4-5 жылға жоспарланатын қаржы, ең бастысы, көп нысанды аз қаржымен бітірдік, соның барлығы бүгін халыққа қызмет көрсетіп отыр».* ( Бұл – журналист Сәуле Әбединованың Ислам Әбішевтен қорғаушы Абзал Құспан арқылы алған **«Әбішев мемлекеттің 300 млрд.теңгесін қалай үнемдеді?»** деген көлемді мақаласынан үзінді. Сіздер оның толық нұсқасымен «Абай.кз» сайтының 2019 жылғы 11 қыркүйектегі санынан оқып, таныса аласыздар. Тақырып ашыла түсу үшін біз алда да одан үзінді береміз – Ө.А.).

300 млрд.теңгені үнемдеп берген И.Әбішевке Тәуелсіз қазақ мемлекетінің үкіметі қандай құрмет көрсетті? «Астына темір тұлпар мінгізіп, үстіне алтын жіппен тігілген бұлғын тон кигізіп, кеудесіне Алтын Жұлдыз таққан шығар», жазушы Дулат Исабеков ағамыз айтқандай: «Халықтың миллиардтарын үнемдегені үшін Кеңес Одағы кезі болса, «Социалистік Еңбек Ері» атағын беретін еді» дейсіздер ме?. Әй, айтасыздар-ау сіздер де... Біздің үкіметіміз тарапынан тіпті «тандыр нан» ұсынуға жараған тірі жан табылған жоқ. «***Ең қызығы, осындай көлемде қаржы үнемделгені, нысандардың барлығы іске қосылғандығы ауылшаруашылығы министрлігін де, үкіметті де, Есеп комитетін де, ешқандай партияларды да елең еткізіп, қызықтырған жоқ***. *БАҚ-та тек біз берген хабарламаларды кішігірім хабарлама ретінде, ақылы түрде жариялағаны болмаса, нақты фактілер бойынша ештеңе жариялай қойған жоқ»,* – дейді Исекең.

Ол ол ма! Марапаты – өздеріне, жанын салып жұмыс істеп жатқан адамды жайына тыныш қалдырса болады ғой, ол да жоқ. Орыс халқында «**не делай добра – не получишь зла**» деген тотяйындай ащы мақал бор. И.Әбішев те соның кебін киді: *«2012 жылдың күзінде «Нұр Отан» партиясының жемқорлыққа қарсы күрек комиссиясы мені айыптап, бүкіл елге мені «коррупционер» деп жариялап, ауылшаруашылық министрлігіне менің мәселемді қарап, шешім қабылдау жөнінде ұсыныс жіберді. Бұл мәжіліс барлық телеарналар арқылы, басқа да ақпарат құралдары арқылы халыққа тарады. Біз, әрине, ертеңіне баспасөз мәслихатын өткізіп, барлық ақпаратты жайып салдық. Ауылшаруашылық министрлігі мені жазалаған жоқ. Ал «Нұр Отан» сол күйі хабарсыз кетті».*

«Нұр Отан» хабарсыз кетіпті, онысына рахмет. Бірақ, төрағаның қасынан басқалар «табыла кетті»: «...*Құқық қорғау орындары біздің соңымызға шырақ алып түсіп, ақшасы үнемделіп салынған нысандарды барынша ыждаһаттылықпен, инемен құдық қазғандай тексерумен болды.* ***Ол тексерулерді мені тұтқындағанға дейін бір тоқтатқан емес***. *Құрылыс жүргізген мердігерлерден: «Басшыларға, әсіресе Әбішевке не бердің, кім арқылы бердің?» деген сұрақтар негізгі мақсатқа айналды. Артық ақшаның барлығы қырқылып тасталған жобадан біреуге бір нәрсе беру мүмкін емес екендігі олардың ойына кіріп те шықпады. Майлы жобалардан айырылған мердігерлердің негізсіз арыздарын құқық қорғау органдары жалау қылып ұстап, бізді тексерумен болды.*

*Міне ки, біздегі елге, халыққа, мемлекетке деген кәсіби, адал көзқарас та осылайша теріс бағаланғанын өз басымнан өткіздім. 2013 жылдың маусым айында бәріне қолымды бір сілтедім де, қызметтен кеттім.*

*Тексерушілерге менің тек жұмыстан кеткенім аз еді. Сондықтан, мен жұмыстан кеткеннен кейін де сол ақшалары үнемделген нысандарды шұқшиып тексерумен болды. Алты-жеті ай тексерудің нәтижесінде іс жүзінде ештеңе таба алмай, тек бір объектіден 7-8 млн. теңгенің топырағы жетпейді деп шығарды.*



*Оны төрт-ақ күнде тасып толтырдық. Осыған байланысты 2-3 адам шартты түрде сотталды да».*

Бірақ, көмек күтпеген жақтан келді – 2014 жылдың шілдесінде Қазақстанның сол кездегі Президенті Н.Назарбаев И.Әбішевті ҚР АШ М Су ресурстары комитетінің төрағасы қызметіне қайта тағайындады. **Осымен «миллиардтар жайлы сага» біткен сияқты болған. Сөйтсек, оның келесі сериясы бар екен. Ең қызық та, шыжық та енді басталып жатыр екен...**

И.Әбішев сергелдеңге түсіп жүргенде, жоғарыдағылар да қарап жатпапты – 1трлн.500млрд. теңге жұмсалуы тиіс арнайы су бағдарламасын жасапты. И.Әбішев бұл бағдарламаны 500 млрд. теңгеге орындап шығуға болатынын дәлелдейді. Әрине, дәлелін қабылдату оған оңайға түспейді – ол өз нұсқасын үкіметтің алдында бір емес үш рет қорғауға барып, ақыры дұрыс екендігіне олардың көзін жеткізеді.

Қорғаушы А.Құспан баспасөз мәслихатында былай деп мәлімдеді: «Біз қанша уақыттан бері «И.Әбішев 300 млрд.теңгені үнемдеді, И.Әбішев 1 трлн.теңгені үнемдеді» деп келеміз. ***Шын мәнінде ол үнемдеген жоқ, ол ұрланайын деп кесіліп, пішіліп қойылған осынша мол қаржыны аман сақтап қалды. 300 млрд. теңгеге толық жабдықталған 300 мектеп салуға немесе толық жабдықталған 200 аурухана салуға болады.*** Бүкіл еліміз бойынша мектеп немесе аурухана мәселесін толық шешуге жететін қаржы деген сөз. Ал, 1 трлн.теңгенің пайдасы қандай боларын өздеріңіз шамалай беріңіздер! Міне, осынша орасан зор қаржының ұрлануына жол бермей, өте жоғары орындарда отырған адамдардың ашуын келтірген Ислам Әбішев зейнеткерлікке шығуына екі ай қалғанда қолдан ұйымдастырылған «пара алғысы келді» деген жаланың құрбаны болып отыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әс-қимыл ұлттық бюросының ресми өкілі Жанна Бастарова айтқандай «пара алғаны үшін» емес.

Менің заңгерлік еңбек өтілім 20 жыл болса, оның 10 жылында қорғаушылық қызметпен айналысып келемін. Бірақ, мен олыс әкімін де, министрлік қызметкерлерін де қорғай жүріп, И.Әбішевтей мемлекет қаржысын мұндай зор көлемде қымқыруға қарсы күрескен, оны сақтап қалған бір де бір мемлекеттік қызметкерді көрген де, естіген де емеспін. 2012 жылы келісімшарттың бәрі түзіліп қойған, яғни, олардың заңсыздығына Ислам Әлмаханұлы ешқандай жауап бермейтін қаржыны кейін қайтарарда ол «маған бір ғана жоба үшін 2 млрд.теңге пара ұсынған болатын» дейді. («*Бұл жоба сен жоқ кезде жасалған, конкурс та солай. Сен жауап бермейсің. Ақша аударатын кезде сен іссапарға кетіп қала сал, сен тек кедергі жасамасаң болды. Ал, сенің қаржыңды қалаған жеріңе жеткізіп береді*» деді». (**«Әбішев мемлекеттің 300 млрд. теңгесін қалай үнемдеді?»)** Міне, осындай таза адамды Ұлттық бюро қызметкерлері танымайтын адамынан «60 млн.теңге пара алмаққа оқталды» деп айыптап отыр. Ешқандай дәлелдері жоқ болса да.

Біз бүгін баспасөз мәслихатын шақырғанда мақсатымыз – қоғам шындықты білсін дедік. Олай етпесек, бұл екі азамат – И.Әбішев пен С.Түкеев ҚР Қылмыстық кодексінің 366-бабының 4-бөлігі бойынша он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айрылуы мүмкін. Оларға осындай қауіп төніп тұр. Сот ашық өтуі тиіс, оның жабық өтуіне ешқандай негіз жоқ. Ислам Әбішев сотта 2012 жылдан бері созылып келе жатқан бұл даудың артында кімдер тұрғанын, өзін не үшін және кімдер түрмеге түсіргенін сот үстінде ашық айтамын деп отыр...»

Ақын Қазыбек Исаның: «Ислам Әбішевтің жазықсыз екенін оған тергеушілердің Ө.Шөкеев, А.Мамытбеков, Б.Сапарбаевтай лауазымды шенеуніктерге жала жапсаңыз, түрмеден босатамыз деген ұсыныстары да айқындап отыр. «Ислам Әбішев ісі» ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына кешегі Жолдауында айтқандай: ***«Заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ!»*** – деген ауыр айыптауына нақты дәлел болып тұрған жоқ па?» деген сұрағына Абзал Құспан: «Иә, дұрыс айтасыз! Бұл іс Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросының заңсыз арандатушылық іс-әрекеттеріне нақты дәлел бола алады. ***Себебі, Президент бұл жерде басқа құқық қорғау органдарын айтқан жоқ, дәл осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросын нақты атады»*** деп жауап берді.

Бүгінгі көзі тірі классигіміз деп атауға әбден боларлық жазушы, драматург ағамыз Дулат Исабеков мәслихаттағы өз сөзінде былай деді: «Мен 2013 жылы Англияға бара жатқан сапарымда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қазақ жазушысының пьесасының тұңғыш рет Лондонда қойылумен мені құттықтап, қолыма алтын сағатын тағып тұрып: «Бізге қандай тапсырма бар?» деп сұрады. «Ойбай-ау, Сізге тапсырма беріп «өле алмай» жүрміз бе?» деп күлдім. Сосын ойланып тұрдым да: «Сіз Ислам Әбішевті білесіз бе?» дедім. «Иә, білемін» деді. «Міне, сол жігіттің басына қара күн туып тұр. Сол орынға өзіңіз әкеліп едіңіз. И.Әбішев сөз жүзінде емес, іс жүзінде 300 млрд. теңгені үнемдеп қалды. Шетелдерде болса сол ақшаның 10 пайызы оған бонус ретінде берілер еді. Бірақ, бізге ондай адал адам жақпайды екен...», – дедім. Нұрекең: «Болды, айналысайын» деді. Содан кейін Исламның атына тек жылы сөз айтумен болды. ***Кейін Нұрекең: «Су мәселесін бізде Ислам Әбішевтен артық білетін ешкім жоқ» деді-дағы, орнына қайта апарып қойды. Осы әділ баға ма? Әділ баға!***

Енді 300 млрд.теңгеге 1 трлн. теңге қосылыпты. Ислам анық ақша жегісі келсе, сол 1 трлн.300 млрд. теңгенің жүз мыңнан бір бөлігінің өзі 60 млн.теңгеден көп қой! «Нең бар қысқартып? Бөліп алып, жей берсін де!» деген үй-ішіндегілерге де 2013 жылы: «Жоқ, мүкіндігім болса мен бұдан кейін де ондайға жол бермеймін!» депті. Мен бұл жайлы үлкен шығарма жазсам ба деген ойда жүрмін. ***Мен осы Ислам Әбішевтің ісі үшін екі Президенттің біреуіне кірейін деп отырмын. Тіпті И.Әбішев ақталып, босап кеткен күнде де кірмекшімін. Бұл істің артында кімдер тұр, соларды анықтау керек. Өйткені, ондайлар анықталмаса, біздің ел болатын түріміз жоқ.*** Жала жапқан адамның жазасы бәрінен де ауыр болуы тиіс деп ойлаймын.

Менің сол жоғарыда айтылған кездесуде Елбасыға «Сізге адал қызметкер керек пе? Керек болса 300 млрд.теңгені бөлекке жібермей алып қалған Ислам Әбішевтен артық көмекші, адал дос таппайсыз» дегенім бар-ды. Ал, оны Қазақстанның бірінші жауындай қараған несі? Кінәсі болса соттамай ма көктемнен бері? Тергеушілер не істеп отыр? Алты ай бойы сотқа жеткізбей, түрмеде ұстау деген қорлау ғой бұл. Нюрнберге процесі де мұнша ұзаққа созылған жоқ еді ғой? «1трлн.300 млрд.теңге түсетін болды» деп, екі алақанын ысқылап отырғанда мол сыбағадан құр қалғандардың әрекеті деп ұғамын мен бұны. Олардың бар мақсаты «он жыл тұрмақ жиырма жыл берем десе де істемеген нәрсемді мойындамаймын» деген Ислам Әбішевтің рухын сындырып, істемеген ісін мойындату, егер оған көнбесе, абақтыда өлтіріп, Сталин айтқандай, «адам жоқ па – проблема да жоқ» дегізбек пе? Біз бір млн. доллар парамен ұсталған адамдардың «кінәсін мойындады» деп, босатып жіберіп жатырмыз ғой. Олар ұсталып қалған соң мойындауға мәжбүр болды. Ал, ұсталмаған, себебі, ондай қылмысқа баруды ойламаған адам мойындағысы келмейді деп кінәлауға бола ма?

Рас, Ислам менің руласым. Бірақ, мен қанның емес, жанның жақындығын артық көретін адаммын. Ислам әдебиетті, сурет өнерін жақсы біледі, түсінеді, насихаттап жүреді. Лувр музейі жайлы маған лекция оқығаны бар. Сондықтан, қызметі одан жоғары адамдармен дәл ол сияқты жақын араласпаймын».

Мәслихатты қорытындылаған А.Құспан «мен үшін ең қиыны – осындай адал адамдарды, жазықсыз жандарды ақтап алу қиын болып жүр» деді. «Себебі, елдегі жемқорлық деңгейінің жоғары болуының салдарынан қарапайым халықта шенеунік деген сөз жемқор сөзінің синонимі болып қалыптасып қалған». «Арымның адалдығы – бәрінен қымбат, ешкімді көрсетпеймін» деп отырған азаматты ақтап аламын деген үмітіңіз бар ма?» деген сұраққа белгі адвокат былай жауап берді: ***«Ақтап аламын деген үмітім ғана емес, сенімім де бар. Іс қоғамның бақылауында болса, ақтап алармыз сөзсіз! Себебі, И.Әбішевтің мойнын бұлтартпайтын дәлелдер жоқ».***

«Әділеттілік жоқ жерде бәрі күйрейді». Осыны ешқашан естен шығармайық.

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**



Қазыбек ИСА:

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ АСҚАҚТАУ ҮШІН ЗАҢДАРЫМЫЗДАН «РЕСМИ ТІЛ» ДЕГЕН КЕДЕРГІНІ АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК

**«Ұлттық кеңес – уақытша кеңес емес». Бұл туралы белгілі ақын, Ұлттық кеңес мүшесі Қазыбек Иса «Хабар 24» телеарнасының «Анығын айтқанда» бағдарламасында мәлімдеді, – деп хабарлайды «Қазақ үні» ақпарат агенттігі.**

– Бұған дейін көптеген кеңес, коалициялар болды. Рас, халықтың көкейінде бұл кеңеске деген үміт пен күдік қатар болды. Бірақ, Ұлттық кеңес – уақытша кеңес емес. Кеңестің басты ерекшелігі, оның төрағасы – ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Және бұл кеңеске қоғамның сан саласынан мамандар іріктеліп алынды. Мен бұған дейін де айтқанымдай, Ұлттық кеңесте өзекті мәселелер батыл көтерілуі керек. Сонда ғана Ұлттық Кеңес Ұлттың мүддесін қорғап, Ұлттың үні болғанда ғана, біз Ұлттық сенім кредитіне ие бола аламыз, – деді Қазыбек Иса сұхбат аясында.

Сонымен қатар, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Ұлттық кеңесте өзінің көтерген мәселелеріне жіті тоқталып, Мемлекеттік тіл туралы Заң қабылдау керектігін айтты.

– 1989-жылы қабылданған Занда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп жазылғанымен, қасына «Ресми тіл – орыс тілі» деген «тормозды» қойып қойған. Ол кезде уақыт та, біздің халықтың саны да соған сәйкес келді деп ойлаймын. Қазақ халқының саны ол кезде 39,7 пайыз, орыс халқының саны 37,8 пайыз еді. Ал, қазір қазақ халқының саны екі есе өсті, кемінде 75-80 пайызға жеттік. 1989-жылы қабылданған ұстаным біз Тәуелсіздік алған күні жойылуы тиіс еді... Біз демографиялық, тарихи тұрғыда да өскенімізбен, Мемлекеттік тіл туралы заңымыз әлі сол қалпында қалып отыр. Бүгінгі күннің талабына ол жауап бере алмайды. Мемлекеттік тіл мәртебесі асқақтау үшін Атазаңымыздан ресми тіл деген «тормозды» алып тастау керек, – деді қоғам қайраткері.

Қазыбек Иса кезінде 138 ұлт зиялысы қол қойған Ашық хатта бұл мәселе көтеріліп, митинг өткенін айта кетіп, 2017 жылы Конституциялық реформа кезінде де бұл мәселе тағы да көтерілгенін жеткізді.

Атап өту керек, 2017 жылы Мемлекеттік тіл заңын реформалау туралы ашық хат Конституциялық комиссияға жіберіліп, нәтижесінде сол кезде Президент әкімшілігін басқарған Әділбек Жақсыбеков Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа ұлт зиялыларының талабын жеткізген болатын. Хатты жалпы қолдаушылар саны ол кезде 600-ге жеткен болатын. Олардың ішінде өзге ұлт өкілдері де баршылық.

Сондай-ақ, сұхбат барысында Ұлттық кеңес мүшесі Қазыбек Иса қазақ тарихын қайта жазу мен стратегиялық маңызға ие латын әліпбиіне қатысты ойларымен де бөлісті. Оның айтуынша, біріншіден, латын әліпбиінің қазіргі нұсқасында қазақтың «і» әрпіне қатысты түсінбеушіліктер көп болуы мүмкін. Соңғы акутты нұсқада І әрпінің бас әрпі жоғалып кеткен – И әрпі екеуін де бір I таңбамен белгілеген. Мысал ретінде қазақтың «ІЙІЛ» деген сөзін келтірген ақын, латын нұсқасында бұл сөздің «IIIL» боп жазылып, мүлдем түсініксіз оқылатынын айтты. Сондықтан да, «Қазақтың І әрпін қайтарып, екі диграфтан құтқарыңыздар!», – деген қазақ жазушылары мен ғалым, зиялыларының Ашық хаты да «Қазақ үні» газетінде былтыр жарияланды. Сонымен бірге Ш әрпін диграфпен SH деп белгілеу қателікке ұрындырып жатқанын, өйткені ASHANA деген сөз – «асхана» емес, «АШАНА» болып та, екі түрлі оқылатынын жеткізді.

Екіншіден және ең бастысы –латын әліпбиі мемлекеттік әліпби болғандықтан, мемлекеттің барлық азаматтарына бірдей міндетті болуы керек. Біз «Бір ел – Бір тағдыр» – деген ұстаным ұстағасын, ол «Бір ел – Бір Тіл – Бір әліпби» ұстанымына жалғасуы заңды деп ойлаймыз. Мысалы, қазір кез келген жерде латын әліпбимен қазақша, кириллицамен орысша екі нұсқа жазулы тұрады. Елдің бәрі оңайын таңдап, кириллица нұсқасын оқиды. Бұл қазақтілділердің де Латын әліпбиін үйренуге кері әсерін тигізіп, кедергі келтіруде. Ең үлкен қауіп, ертең елдің бәрі оңайын таңдап, балаларын кириллмен оқитын орыс мектебіне бере бастайтыны анық. Осы мәселеге де бір шешім айтылуы тиіс.

Еске сала кетейік, бұған дейін Қазыбек Исаның Қазақстан Президентінің басшылығымен өткен Ұлттық кеңесте мемлекет басшысының Алтын орданың 750 жылдығын тойлау туралы ұсынысын қолдап, Жошы ханға еңселі ескерткіш тұрғызу секілді игерлі бастамаларды кө-тергені туралы жазған болатынбыз.

№34 (852), 16 qyrkúıek, 2019 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# НЕОБХОДИМА ГОСПРОГРАММА ПО 55 КИТАЙСКИМ ПРОЕКТАМ



**11-12 сентября президент РК Касым-Жомарт Токаев находился в Китае с государственным визитом. Президент Касым-Жомарт Токаев и Председатель КНР Си Цзиньпин провели переговоры, по итогам которых был подписан ряд документов, в том числе Совместное заявление о развитии всестороннего стратегического партнерства на новом этапе. Визит Токаева совпал с очередным всплеском обсуждения «55 китайских заводов» в нашей стране: это решение ныне вошло в фазу практического воплощения.**

### НЕОБХОДИМА ГОСПРОГРАММА ПО КИТАЙСКИМ ПРОЕКТАМ

Еще в 2016 г. первый президент Нурсултан Назарбаев по итогам двусторонних переговоров с председателем КНР Си Цзиньпином в рамках рабочего визита в Китай заявил: «Мы договорились конкретно о том, о чем мы раньше договаривались – это совместное строительство современных предприятий на территории Казахстана. Этот список включает 51 объект, 2 из которых построены, 4 будут построены на 2,5 млрд долларов в этом году, и в течение 5 лет будут построены предприятия стоимостью 26 млрд долларов».

Разговоры о китайских предприятиях ведутся уже более 5 лет: договоренность о переносе китайских производств появилась еще в 2014 г. по итогам заседания Совета глав правительств ШОС в Астане. Однако до сих пор нет официальной информации обо всех проектах: есть подробная информация лишь о нескольких, о многих – лишь названия без указания адреса. Такая непонятная секретность проектов вызывает беспокойство у казахстанцев. Изначально говорилось о переносе 51 предприятия из Китая, позже – о 51 совместном проекте, сейчас говорят о 55 совместных проектах. При этом никто не объясняет, почему прошли такие метаморфозы.

Многие отечественные проекты, в том числе и небольшие, обсуждаются в парламенте, правительстве и обществе – это нормальный процесс. А здесь строительство 55 иностранных предприятий на огромную сумму без обсуждения!

В свое время в СССР провели индустриализацию с помощью зарубежных инвестиций и специалистов. Тогда правительство приняло план индустриализации. За 10 лет американцы построили в СССР около 1500 заводов и фабрик! В СССР приехало около 200 тысяч американских инженеров и техников, с их помощью было подготовлено более 2 млн советских специалистов, которые освоили новые технологии. И все построенные заводы и фабрики стали советскими, а не американскими, потому что все решения, начиная с плана индустриализации и кончая приема и оплаты местных рабочих, принимали советские власти, а не американские.

А в случае с китайскими инвестициями и проектами совсем другая ситуация: всё решается в Китае, а не в Казахстане. А когда поднимаются вопросы по этому поводу, то это подается как синофобия, провокация, влияние третьих сил и т.д.

Чтобы не было антикитайских выступлений, влияния третьих сил и т.д., необходимо раскрыть все проекты. Для этого правительство Казахстана должно разработать государственную программу в связи со строительством 55 предприятий с тем, чтобы создать условия для перенятия технологий, обучения местных специалистов, учесть национальные интересы и выгоды для собственной экономики, а также миграционную и экологическую составляющую каждого проекта. Эти проекты должны отвечать, прежде всего, интересам казахстанской экономики и населения нашей республики. Необходимо также воспрепятствовать вхождению Китая через эти проекты в сельскохозяйственную отрасль – после китайских аграриев нередко остается непригодная для использования земля.




Все китайские проекты должны пройти общественную экспертизу. Проекты должны быть казахстанскими с привлечением инвестиций и китайских специалистов, а не китайскими; при совместных проектах в них в обязательном порядке должны участвовать на равных условиях и специалисты из нашей страны.

Правительство должно ответить на простые вопросы: На сколько лет рассчитаны эти проекты, будут ли входить казахстанцы в управление будущими предприятиями, какую роль они будут играть в проектах? Кто будет работать на создаваемых заводах и фабриках, сколько китайских специалистов и рабочих приедут? Какие условия строительства и где? Есть ли опасные производства – например, намечается строительство завода по производству промышленных взрывчатых веществ? Основной вопрос – кому впоследствии останутся предприятия?

А пока получается: если предприятия полностью будут строиться китайскими проектировщиками, организовываться китайскими управленцами, то производственный процесс будет под наблюдением специалистов из Китая.

Ведь эти предприятия создаются, прежде всего, для нужд экономики Китая, куда будет уходить основная часть продукции и сырья. Не получится ли ситуация, как в некоторых африканских странах, где работают китайские предприятия – небольшая польза для местных жителей с большим вредом для экологии? Ведь Китай использует в производствах отнюдь не безопасные технологии и материалы – недаром эта страна превратилась в самую опасную с точки зрения экологии страну, где нередко взрываются химические заводы.

Даже окончание аренды вызывает особую опасность, ибо немало примеров (во Вьетнаме, Зимбабве, Монголии и др.), когда по окончании аренды китайцев лишь силой выдворяли из страны вплоть до использования армии. А это нужно Казахстану?

### КИТАЙСКИЕ ПРАВИЛА ИГРЫ

С другой стороны, наше правительство должно досконально изучить китайский опыт производства в других странах, чтобы учесть его негативные последствия, а они были и есть.

Так, Ламидо Сануси, бывший глава ЦБ Нигерии, заявил, что Африка открывается навстречу «новой форме империализма», в которой Китай забирает сырьевые материалы Африки и продает то, что он произвел, при этом не делясь опытом и технологиями. Не говоря о том, что африканские мужчины жалуются, что они потеряли своих жен и партнеров по бизнесу из-за китайцев.

А у нас по неофициальным данным – 300-500 тысяч человек из КНР. Добавьте к этому специалистов и рабочих, которые прибудут в связи со строительством 55 предприятий.

Но производство производству – рознь, и можно прогнозировать, что китайское производство вытеснит отечественных производителей с внутреннего рынка. Об этом свидетельствует не только опыт китайских компаний в Африке и Латинской Америки, но и в нашей стране.

Например, в свое время писали, что китайская компания «СНПС-Актобемунайгаз» в тендерной документации создает условия, которые не приемлемы для наших производителей. Допустим, указывают срок поставки штанги в документах – 10 дней. А наши производители такой объем могут произвести за 30 дней. Оказывается, китайцы заранее завозят в Казахстан штангу и проводят тендер! Об этом в октябре 2015 г. поведал директор АО «Актюбинский завод нефтяного оборудования» Дастан Мусин тогдашнему министру по инвестициям и развитию Асету Исекешеву.

В результате местные производители и промышленность не выдерживают нечестной конкуренции с китайской продукцией и постепенно уничтожаются, порождая безработицу.

Таким же способом китайские буровые компании полностью захватили рынок буровых услуг в нашей нефтяной отрасли. Более 10 лет назад они зашли в нашу страну и брались за полцены бурить скважину себе в убыток. Наши компании начали проигрывать им тендеры, и когда они полностью ушли с рынка и обанкротились, китайцы подняли цены сразу в 3 раза!

Как сообщил анонимный источник, китайцам известно все о запасах и месторождениях полезных ископаемых в Казахстане: «Все геологические карты у них есть. Они получали карты разными методами: если не получается напрямую – через посредников идут, через подкуп, через своих людей, допустим, через казахстанских граждан путем женитьбы на местных девушках, ну и так далее. Методов – сотни».

«В Актюбинской области, в Атырауской, в Мангистауской и в Кызылординской то же самое происходит. Только крупные нефтяные компании типа «Шеврона» или AgipKCO еще держатся, а все остальное уже фактически контролируется китайскими компаниями», – утверждал собеседник.



А вот свежая новость. В Шиелинском районе Кызылординской области в конце 2018 г. китайскими инвесторами был запущен цементный завод. И теперь жители села Кодаманов жалуются на пыль, плохое самочувствие, у детей появились какие-то болячки, ранки. Оказалось, по строительству завода не было общественных слушаний, и он построен вплотную к селу вопреки правилам.

### СКОЛЬКО КИТАЙ ВЛОЖИЛ В КАЗАХСТАН?

Китай в последние годы посредством новых проектов значительно усилил свое участие в нашей экономике. Достаточно сказать, что китайское экономическое присутствие в виде кредитов, вложенных средств в нефтяную отрасль, инвестиции в новые проекты, строительство 55 заводов, по разным оценкам, в целом составляет более 74 млрд долларов! Эта огромная сумма, по которой необходима прозрачность и госпрограмма. Инвестиции – хорошо, но как будем их возвращать?

Возможно, в их числе имелись в виду и такие мегапроекты, как автомагистраль «Западная Европа – Западный Китай», новый «Шелковый путь» и др.

Самой масштабной стала открытая в 2010 г. кредитная линия на сумму 13 млрд долларов. Ее первый транш в 5 млрд долларов был направлен на увеличение доли КНР и доли РК в секторе нефтедобычи Казахстана и пошел на финансирование сделки по поглощению компании «Мангистаумунайгаз» казахстанской госкорпорацией «Казмунайгаз» и китайской «CNPC». Другой транш в 5 млрд долларов был получен правительством РК для борьбы с последствиями финансового кризиса. Последняя часть кредита в размере 3 млрд долларов при посредничестве Казахстана была предоставлена компании «Казахмыс» на расширение добычи меди.

Общий объем накопленных прямых инвестиций Китая в Казахстане на конец 2013 г. составлял 22,57 млрд долларов.

Все китайские предложения в нашей стране должны пройти всестороннюю экономическую и экологическую экспертизу, особенно в сельском хозяйстве, если такие проекты имеются. Например, в России бьют тревогу: китайцы «успешно» травят россиян нитратами, фосфатами и другой химией, выращивая на арендуемой территории огромное количество томатов, огурцов, баклажанов и других овощей, а земля со временем приходит в негодность.

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*



# КАЗАХИ: КАК СТАТЬ ПЕРЕДОВОЙ НАЦИЕЙ?

**Уже много лет мы говорим самим себе, что казахи должны стать цивилизованной и конкурентоспособной нацией, однако не только не следуем этой установке, но и движемся, скорее, в обратном направлении. Вместо следования демократическим ценностям раболепствуем перед теми, кто богаче и сильнее. Вместо того, чтобы повышать свою правовую культуру, пытаемся решить проблемы через «агашек» и прочие каналы родственных и личных связей. Вместо повышения образовательного и культурного уровня все глубже погружаемся в мракобесие. Можно, конечно, во всем винить «систему», которая якобы сделала нас такими. Но разве она не является отражением того, какие мы есть? Не пора ли наконец-то разобраться в себе и начать избавляться от тех черт национального характера, которые мешают нам двигаться вперед? Camonitor.kz хотел в этом разобраться.**



**Казбек БЕЙСЕБАЕВ,**
**блогер, редактор**
**интернет-сайта Kazbei.org:**

## «ЖИВЕМ ТОЛЬКО СЕГОДНЯШНИМ ДНЕМ»

– Очень хорошо показали наш национальный характер известные писатели и деятели Казахстана прошлого века. Если оставить в стороне идеологическую составляющую, то в их произведениях можно найти много интересного. Например, Султанмахмут Торайгыров, будучи молодым человеком, призывал к необходимости менять уклад жизни и устои общества. Он считал, что только в этом случае народ сможет развиваться. Через газету «Айкап» поэт даже предлагал провести всеказахский съезд для обсуждения этих вопросов, но ему не позволили...

В романе Абдижамила Нурпеисова «Кровь и пот» есть один персонаж, который когда-то был богатым, но после джута обеднел. Известно выражение «богатство до первого джута». То есть наши предки предпочитали жить сегодняшним днем, не готовясь к разным природным стихиям. Говоря современным языком, горизонт планирования у них был весьма узок...

В принципе то же самое мы наблюдаем сегодня. Взять хотя бы наших руководителей, которые совершенно не думают о будущем. Иначе как объяснить тот факт, что вместо налаживания различных производств они все эти годы занимались проведением очень затратных и, в общем-то, бесполезных мероприятий? Вспомните тот же ЭКСПО – это, по сути, большой той, о котором все уже забыли.

К сожалению, такая оценка применима не только к нашим чиновникам – простой люд тоже мало думает о завтрашнем дне. Один мой родственник рассказывал, как его земляки фермеры-казахи, достигнув определенных успехов, сразу побежали покупать джипы и квартиры. В то время как их коллеги-неказахи приобретали новую сельхозтехнику и внедряли новые технологии...

Или вспомните наших баев, которые имели по несколько жен, так как это считалось признаком богатства. В одном из очерков Сакена Сейфуллина есть эпизод, в котором он описывает свою поездку с инспекционной проверкой в аулы, где уже была установлена советская власть. Его возмутили вчерашние бедняки, которые, став начальниками, заимели вторых жен. Писателю пришлось сделать им внушение, чтобы они их освободили.

Проблема в том, что наши, так сказать, ответственные товарищи (то есть те, кто нами руководит) живут по принципу: пока есть возможность, надо воспользоваться своим положением по максимуму. Они рассматривают занимаемые должности лишь как средство получения личной выгоды. Например, нам часто приходится читать в СМИ, как чиновники за счет госбюджета улучшают свои жилищные условия, а не ситуацию на вверенных им участках.

Еще один наш бич – неуемное стремление выдать желаемое за действительное. Все наши программы вроде ГПФИИР, вхождения в число 30 наиболее развитых стран и т.д. – из этой оперы. Наши руководители всегда говорят в будущем времени: «реализуем», «добьемся», «создадим», и очень редко в прошедшем: «сделали», «внедрили», «достигли»... Многие уже вроде бы введенные в строй предприятия оказываются нерентабельными и закрываются. Это не что иное как показуха, за которой скрывается элементарная безответственность управленцев, раздающих обещания, но не доводящих дело до конца.

Вывод: наша главная проблема – психология временщиков, желание жить только сегодняшним днем, и от этого нам надо избавляться в первую очередь. Если мы будем продолжать в таком же духе, то речь пойдет уже не просто об отставании от других стран, но и вообще о существовании государства.



**Канат ТАСИБЕКОВ,**
**писатель и популяризатор**
**казахского языка:**

## «БЫСТРО УЧИМСЯ И ПЕРЕНИМАЕМ ПЛОХОЕ»

– Есть такая максима, что наши недостатки – это продолжение наших достоинств, ну и наоборот: наши достоинства – это продолжение наших недостатков. К положительным чертам казахского характера можно отнести очень высокую обучаемость и переимчивость, толерантность, добродушие, гостеприимство. Но порой наши положительные качества принимают гротескные формы. Например, мы быстро учимся и при этом перенимаем плохое.

Наша толерантность доходит до того, что мы терпим все, кроме своего. Мы усаживаем за свой стол и кормим людей, которые говорят о нас гадости. Мы так быстро усваиваем иностранные языки, что забываем родной – казахский.

На протяжении многих веков наши предки были кочевниками, жили отдаленно друг от друга и радовались любому человеческому общению. Даже такую меру измерения, как километр, казахи назвали «шакырым» (в переводе – оклик). Ведь когда-то они окликали друг друга, находясь на расстоянии, равном приблизительно одному километру. Но чем больше мы становимся городским этносом, урбанизируемся, тем сильнее наш характер претерпевает ломку. Мы только учимся нормам городского человеческого общежития, которое предполагает, например, что разносчика пиццы необязательно звать за стол «нан-ауыз тиюге».

И еще. Казахи становятся очень успешными тогда, когда подчиняются железной дисциплине. Не стану приводить в пример времена Чингисхана. Но каждый из нас знает хотя бы одного паренька из аула, который до армии не видел ничего, кроме овец, с трудом изъяснялся на русском языка и при этом отлично служил, был лучшим во всей части (среди тех же прибалтов, кавказцев, уроженцев республик Средней Азии) и возвращался домой бравым старшиной.

А «система», при которой не работают законы, процветает коррупция и всегда можно «договориться», развращает и губит народ. Характер тут ни при чем.



**Талгат ИСМАГАМБЕТОВ,**
**политолог:**

## «НЕУВЕРЕННОСТЬ В ЗАВТРАШНЕМ ДНЕ»

– «Постоянен в непостоянстве своем», – писал Абай. И действительно: мы давно уже не кочевники, но от кочевнического образа жизни нам, казахам, досталась такая черта, как неуверенность в завтрашнем дне.

Поговорка «для батыра достаточно одной пули, для бая – одного джута» довольно точно отражает образ жизни, при котором благополучие может рухнуть в один миг. Кочевник чувствовал связь между своими трудовыми усилиями и благосостоянием в гораздо меньшей степени, чем, к примеру, земледелец в Европе или рисовод в странах Востока. Поэтому для номада было жизненно необходимым воспользоваться благоприятным моментом как с точки зрения приумножения скота, так и в плане отношений с другими кочевниками. А что будет после – вновь удачный год или бескормица – уже не в его власти.

Земледелец тоже переживал неудачные периоды, но все же в большей мере чувствовал связь между собственным трудом и урожаем. Соответственно он был нацелен на выстраивание долговременных отношений – это касалось и системы социальной иерархии, и обязательств разных групп друг перед другом. А для кочевника важно было взять как можно больше воинской добычи либо воспользоваться близостью к власти – в зависимости от ситуации и исторической эпохи. Конфликты и обиды со стороны других были не столь важны, поскольку примиряться или враждовать приходилось не в тот момент, а «после».

Эта сущность отношений, характерных для кочевничества, и объясняет то самое «постоянство непостоянства»: сегодня враждовали из-за имущества, должности, а завтра примирились либо стали добывать что-то вместе, конфликтуя уже с кем-то третьим. Конечно, подобный образ жизни девальвирует такие понятия, как верность слову, честь, бескорыстное служение. Плюс возникает настороженное отношение к тому, кто умнее, способнее, поскольку он может оказаться более удачливым, а значит, более успешным в конкуренции за экономические ресурсы, за карьерное продвижение и т.п. Поэтому лучше лишить конкурента возможности раскрыть способности: не выдвигать, а отодвигать или даже написать на него кляузу, донос...



**Нурлан АМРЕКУЛОВ,**
**философ:**

## «У НАС ЕСТЬ ДВА ПУТИ»

– Наши негативные черты являются следствием адаптации кочевников-казахов к оседлой, рыночно-коммерческой цивилизации, а также почти двухвековой колонизации, что сделало нас несамостоятельными объектами чуждой истории. Есть два пути возрождения достоинства казахов, развития лучших качеств национального характера - открытости, широты, доброты, служения ближнему. Первый – распределить часть государственной собственности и доходы от сырьевого сектора среди граждан. Второй – демонополизировать экономику и сформировать режим рыночной конкуренции на основе независимого судебного арбитража, парламентского правления, независимых партий и СМИ.

**Сауле ИСАБАЕВА**

# РЕЛИГИОЗНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ЗА РУБЕЖОМ – ЭТО НЕБЕЗОПАСНО



**Чем рискуют казахстанские студенты, выезжая на учебу в зарубежные религиозные заведения. Несмотря на возможность получить полное религиозное образование внутри страны, некоторые соотечественники все же предпочитают выезжать для этого за рубеж. Что манит их в религиозные учебные заведения других стран и чем они рискуют, отправляясь туда на учебу, рассказал 365info.kz политолог Султан Акимбеков.**

### ГИБКОСТЬ — ХАРАКТЕРНАЯ ОСОБЕННОСТЬ ИСЛАМА

**— Почему казахстанцы едут получать религиозное образование за рубеж?**

— Здесь важно отметить, что во времена СССР Казахстан входил в состав Среднеазиатского Духовного управления мусульман (САДУМ). При этом получить высшее религиозное образование можно было только на территории Средней Азии.

Единственное в Советском Союзе медресе Мир-и Араб находилось в Бухаре

Между прочим его закончил первый муфтий созданного в 1990 году Духовного управления мусульман Казахстана (ДУМК) Ратбек Нысанбай-улы.

После распада СССР началось активное взаимодействие с внешним миром и по всей бывшей территории Союза заметно вырос интерес к религии. Тем более, что для мусульман появилась возможность ездить в мусульманские страны, в том числе получать там и религиозное образование.

Но сложность заключалась в том, что во время СССР была нарушена преемственность религиозной традиции, соответственно, знаний о религии. В то время, как в исламском мире в XX веке происходили бурные события, имевшие прямое отношение к религиозной составляющей жизни общества. Появилось много новых движений, проходили активные дискуссии о роли религии в жизни государства и общества.

Характерной особенностью ислама является его гибкость. Здесь, по сути, нет института церкви, обладающей для верующих безусловным авторитетом, может быть за исключением шиитской общины. Но подавляющее большинство мусульман бывшего СССР, за исключением азербайджанцев-шиитов, относится к суннитам.

Однако среди прочих движений появились и весьма радикальные. Одни вследствие войны в Афганистане в 1980-х, другие в результате конфликтов на Ближнем Востоке.

Естественно, что в 1990-е выходцы из бывшего СССР, ставшие активно посещать ранее запретный для них исламский мир, столкнулись с этим огромным многообразием движений, идеологических и религиозных противоречий. Они стремились получить знания об исламе, не имея никаких особых представлений и не опираясь на собственную религиозную традицию, во многом утраченную.

Собственно, те, кто получил религиозное образование за границей, принесли с собой на территорию бывшего СССР, включая независимый Казахстан, те представления о роли религии, которые были получены ими в тех или иных учебных учреждениях. А учитывая, что в области религии все они были неофитами, это стало причиной некоторой идеологической путаницы.

И все это происходило на фоне восстановления и формирования прежней религиозной традиции. В ее рамках и с учетом международного опыта были созданы и казахстанские религиозные учреждения.

Так что теоретически сегодня отправляться для получения религиозного образования за границу особой необходимости нет. Хотя этого нельзя исключать. Просто важно, чтобы у новых студентов за спиной была какая-то преобладающая религиозная традиция и чтобы они получали именно знания о религии, а не отражали суть внутренних противоречий тех стран исламского мира, в которых получают образование.



### СТРАНЫ БЛИЖНЕГО ВОСТОКА

**— В какие страны едут казахстанцы для получения религиозного образования?**

— Многие в арабские страны Ближнего Востока — это Саудовская Аравия, Катар, Ливия и Египет. В Каире, кстати, находится старейший и наиболее авторитетный университет исламского мира Аль-Азхар. Нынешний муфтий Серикбай кажы Ораз и его предшественник Ержан Маямеров обучались как раз там. Некоторые учились в Пакистане, там развитая сеть религиозных учреждений. Важным центром в этом направлении также является Турция.

**— Почему именно эти страны?**

— Потому что здесь главные центры получения религиозных знаний. И естественно, те, кто едет учиться, выбирают либо лучшие центры, либо те, где есть господдержка, что означает лучшие условия.

**— Могут ли конкурировать наши учебные заведения с зарубежными?**

— Наши может быть и не смогут конкурировать с Аль-Азхар, но в них точно нет конфликта идеологических интересов, как в этом уважаемом учреждении. Их надо развивать, помогать местным религиозным деятелям и местной традиции. И это является частью задач государства.



### ОСОБЕННОСТИ МЕСТНЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ТРАДИЦИЙ

**— Чем рискуют казахстанцы, отправляясь на учебу в эти страны?**

— Главный вопрос, конечно, это некоторая идеологическая путаница, которая часто возникает в процессе образования. Например, в нашем регионе местная традиция исторически была основана на ханафитском мазхабе, это одна из четырех юридических школ правоведения. Причем в данном случае в понятие «наш регион» входят историческая Средняя Азия, российские Северный Кавказ, Поволжье и даже Афганистан с Пакистаном. Считается, что ханафитский мазхаб был одним из самых либеральных по отношению к местным традициям.

Хотя может быть это было сопряжено с тем, что связанные с ним проповедники, которые принесли ислам в этот регион, действовали на окраине мусульманского мира и вынуждены были быть гибкими.

В любом случае местная религиозная традиция отличалась от той, которая была распространена в тех же арабских странах. Хотя так было не всегда. К примеру, Иран до династии Сефевидов в значительной степени был суннитским, а местная традиция была похожа на среднеазиатскую.

В арабских странах также было много разных религиозных направлений. Но в XX веке, благодаря политическим изменениям резко усилились страны — например, Саудовская Аравия и другие государства этого полуострова — где доминировала так называемая ваххабитская или салафитская традиция.

Ее назвали по имени Абд аль-Ваххаба, проповедника начала XIX века, близкого к правящей семье аль-Саудов. Конечно, название «салафиты» более правильное, потому что нынешние ваххабиты Саудовской Аравии серьезно изменились по сравнению со своими суровыми предками.

Однако салафиты — это более широкое течение, которое в самом общем смысле призывает вернуться к истокам, к первоначальной исламской общине. Соответственно, все, что было привнесено в ислам за более чем тысячу лет его существования, относится к так называемым запрещенным новшествам. Понятно, что это вполне распространяется и на местную религиозную традицию на территории бывшего СССР.

Кроме того, в Пакистане широко распространены идеи исламского университета в Деобанде, сегодня это территория Индии. К идеологии деобандийцев близка политическая партия «Джамиат-и улема ислами», они имеют сотни медресе. Деобандийцы также призывают вернуться к истокам, но отличаются от салафитов тем, что признают часть традиции, включая авторитет улемов.

Это тоже архаичная идеология, ее проявление — это движение Талибан с его весьма жесткими практиками. Но деобандийцы не уничтожают мазары на могилах святых, как это делают салафиты.

В исламском мире существуют движения политического ислама, например «Братья-мусульмане». Их идеология широко распространена в Турции, Египте, Катаре, в Афганистане ее поддерживали лидеры моджахедов. К примеру, в том же университете Аль-Азхар довольно серьезные противоречия между братьями-мусульманами и местными салафитами.

Естественно, что во всех этих нюансах казахстанским студентам разобраться очень сложно. Отсюда идеологическая путаница и часто стремление относиться к местной религиозной традиции с точки зрения вновь приобретенных знаний.

**— Существует ли группа риска?**

— Конечно, особенно среди молодежи, которая может быть подвержена идеологическому влиянию. А с учетом остроты религиозных споров в других странах существует риск, что они могут попытаться перенести их на нашу территорию.

**— Какие существуют меры профилактики?**

— В первую очередь необходима соответствующая политика со стороны государства. Во многих исламских странах оно является активным участником процесса. Например, в Турции есть даже специальное управление по делам религии (Дианет).

Религиозные дискуссии, безусловно, необходимы, мы уже давно часть исламского мира. Но они должны оставаться дискуссиями и учитывать местную традицию, даже если она кому-то не очень нравится.

**Анастасия ЦИРУЛИК**



# АРША БЕСІКТІҢ ҚҰДІРЕТІ

## *немесе Шерхан Мұртазаны сағыну*

**Қоғамнан басқаша ойлайтын қаламгерлерге (Александр Солженицын, Иосиф Бродский қатарлылар) саяси баспана, әлемдік ең үлкен әдеби марапат Нобель сыйлығын ұсынып, «ағалық» қамқорлық танытқан батыс билігі Горбачевтың «қайта құруынан» кейін кәдеге жарар мәдени «көзірлерін» қызыл империяның жүрегіне жіберуге мүмкіндік алды. Тамыз төңкерісінің қарсаңында Американың әйгілі рок тобы «Металлика» Мәскеуде ашық алаңда сан түмен адамның алдында өнер көрсетті. Топ мүшелерінің шаш-киім үлгісімен сахнадағы қимыл қозғалысынан әндерінің екпінінен батыстық еркіндіктің лебі есіп тұрды.**

Әсіресе, топ әншісі Джеймс Хэтфилдтің көрермендерге қарап, әлсін-әлі тост көтеріп, құрғаған тамағын сырамен жібітуі кеңестік үлкен семяда жағымды кейіпкер болудан шаршаған жаңа буынның ерекше қошаметіне ие болды. Көп өтпей алып империя құлады. Идеологиялық теке-тіресте қызыл империя жеңіліс тапты. Металлика «Кеңес одағын құлатты» – деген әзіл-шыны аралас аңыз әңгіме тарады. Шетелде атақ абыройға кенеліп, ахуалды сырттай бақылаған диссидент жазушыларға қарағанда, ел қамын ойлаған ұлттық жазушыларға ерекше жауапкершілік, ауыр міндет жүктелді. Кеңестік жүйенің құлауы отар республикаларға тарихи мүмкіндік тәуелсіздік сыйлағанымен, екі тізгін бір шылбырды қолға алған жаңа да жас мемлекеттер қарама-қайшы құндылықтар қақтығысының қазанында қайнады. Ұлттық мемлекет құру талпынысы ескі жүйеге тән қасаң көзқарастар мен батыстық құндылықтардың талауына түсті.

Осындай сын сағатта сергек ойлы сөз дарыған ел арыстары суырылып алға шықты. Олардың бірі де бірегейі – әйгілі Шерхан Мұртаза еді. Ілгеріде халқымызға өлшеусіз қайғы әкелген екінші дүние жүзілік соғыстың қасіретін қаузаса, жылымық шақта ұлтымыз өміріндегі ең бір нәубет кезең ашаршылық пен сталиндік репрессия сұмдықтарын ақтарды. Батыл қадамы арқылы қоғамда ағартушылық роль атқарды. Газет басшысынан халық қалаулысына, «Ұлтшылдардың ұлтшылына» айналды. Тәуелсіздігіміз орныққан кезде аға буын жазушыларда мемуарлық шығарма – эссе-роман жазу белең алды. Қаламы мен қарымы өзгеден бөлек Шераған тағы да тыңнан түрен салды. Әріптестерін қайталамады. Фәлсапалық ойлар жинақталған «Бір кем дүниесін» жазды. Бұл шығарма абыз атамыздың күреске толы өмірінің ұзын сонар баяны емес, өмір кезеңдеріндегі көңіл ауаны, жүрек бұлқынысы, тарих пен бүгінді бағамдаған терең толғаныстары еді. Туындының басты ерекшелігі жинақылығында.тартысты тағдырды тарыдай детальдар арқылы бере білуінде еді.

«Арша бесік» – деген бір үзігінде жетімдіктен ұлт арысына көтерілген өз өмірін қазақы бесіктің киесімен байланыстырады. Анасы шампан ішуге құмар болған американдық биші Айсерода Дунканның «Мен билеуді анамның құрсағында жатқанда үйрендім» – деген сөзін мысал етіп, батыстық тәрбие мен ұлттық тәрбиені салыстырып, ары қарай қазақи құндылықтың сырын аша түседі: «Мұхаң айтқан «Бесігіңді түзе» – деген сөзде терең мағына бар. Соның бірі бесік ағашының таза, сапалы болуы. Ал сапалы бесік арша ағашынан жасалған бесік. Арша аса қасиетті ағаш. Қасиетті болатыны оған анау-мынау аурусырқау жоламайды, түрлі микробтарды, құбыжықтарды өлтіретін күші бар. Арша бесікке қызамық, қара шешек, сияқты бәлелі аурулар дарымайды.

Мен туған жылы сәбилер қара шешектен қынадай қырылды. Бұған алдымен Сталин мен Голощекиннің қолдан жасаған «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» – деген сұрқия саясаты себеп болды.

Алланың құдіреті екен, жарық дүниеде тататын дәм тұзым бар екен, сол қырғыннан мен аман қалыппын.

Кім біледі, мені ажалдан арашалап қалған арша бесік шығар».

Соңында өзінің ұлттық арманмұратын былай жеткізеді: «Шаман жетсе арша бесік тап; аршаны көп өсір, тұқымын құрта берме; арша бесікке құт құйылады.

Шіркін, сол арша бесікке бөленетін нәресте көп болса, ғой!»

Соңғы кезде жалпы қазақ руханияты философиялық ұстанымын білдіргенде көнекөз қариялар аса бір һиғаратымен айтатын «Жалған» және «Арман» деген ескі екі сөзді місе тұтып келген еді. Шераған оған «Бір кем дүние» деген қарымды тіркесті қосты. Бақилық болған абызды еске алғанда біз де осы сөзді қайталауға мәжбүрміз. Сөз сардарының тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына, рухани діңгегінің мығым болуына қосқан қажыр-қайраты, адал еңбегі ұмытылмақ емес.

**Есбол ҮСЕНҰЛЫ**

■ ESKE ALÝ

**Айналасына абыройлы, қызметінде құрметке бөленген, бала-шағасына қамқоршы, ақылшы бола білген ардақты әкеміз – Базарбекұлы Төлегеннің бақилық ғұмырға аттанғаны да бір жыл өте шығыпты. Туған-туысқан, көрші-қолаң, қызметтестері мен оны білетін көптеген қала тұрғындары қимастықпен қоштасқан күн кеше ғана сияқты еді... Кеңес Базарбекұлы Төлегенов 1940 жылы 1 сәуірде Алматы облысы Шелек ауданында қарапайым отбасында дүниеге келді. Әкесі Базарбек мал шаруашылығында еңбек етіп, бүкіл елімізге қатер төндірген Ұлы Отан соғысы басталысымен майданға аттанған.**



# ҒИБРАТТЫ *ғұмыр*

1943 жылы мамыр айында әкесі Базарбектің фашистік басқыншылармен кескілескен қан майданда ерлікпен қаза тапқаны туралы қаралы хабар жетіп отбасын ойсыратып тастайды. Анасы Ырысты Әскер, Асан, Кеңес атты үш ұлымен жесір-жетім қалып, соғыс салған тұрмыстық тауқыметті, адам айтқысыз қиын жағдайда қалады. Бас көтерер ер азаматтар түгелдей майданға аттанып, ауылдағы бар ауыртпашылық әйелдер мен балалардың мойнына түскен сол бір сұрапыл жылдар кімге де болса жеңіл болмағаны тарихтан жақсы белгілі. Анасы Ырысты ауылдастарымен бірге ішсе тамаққа, кисе киімге жарымай жүрсе де ұжымшардың ең ауыр жұмыстарын атқарып жеңісті жақындату үшін күн-түні аянбай еңбек етеді. Соның салдарынан ауруға шалдығып 1949 жылы қайтыс болады. Тұл жетім қалған үш баланы алда әлі де тағдырдың талай сыны күтіп тұр еді. Оқуға мүмкіндіктері болмай, қабырғалары қатаймай жатып жастайынан ауыр еңбекке жегілуге тура келеді. Шелек ауылында оқып жүрген Кеңес те мектебін тастап, жұмысқа шығады. Кейін ағаларының қолдауымен 1952 жылы оқуын жалғастырып, 1957 жылы жеті жылдық білім алып шығады. Одан әрі оқуға мүмкіндік болмаған соң кешкі мектепке ауысып, құрлысшы болып жұмысқа орналасады.

Қаршадайынан өмірдің қиындығын көп көрген Кеңес тым ерте есейді. Әке-шешеден жастай айырылып, одан соң үйдегі бас көтерер үлкен ағасы Әскердің қайтыс болуы жығылғанға жұмсалған жұдырықтай ауыр тиген-ді. Ортаншы ағасы Асан үйленіп өз отбасын асырау керек болды. Енді бұдан былай ешкімнің көмегінсіз өз күнін өзі көру керектігі де оның болашағына қатты ықпал еткен-ді. Тағдыр қыспаққа алған сайын балаң жігіт оған қарсы тұрып, қайсарлық таныта білді. Өмір соққылары қабырғасын қайыстырғанмен оның рухын төмендете алмады, керісінше шиыршықтырып, қайраттана түсті.

Қандай істі болмасын тиянақты, адал атқарып, қоғам алдындағы міндетке үлкен жауапкершілікпен қарайтын Кеңес Базарбекұлының бойындағы осы бір жақсы қасиеттер оның бүкіл өміріне берік ұстаным, бұлжымас бағыт болып қалыптасты. Еті тірі, кез келген істі атқарып кететін жігітті 1959 жылы Шелек аудандық партия комитеті техникалық хатшы ретінде қызметке алады. Бұл аудан басшылары тарапынан жас жігітке көрсетілген үлкен сенім болатын. Қызметті ойдағыдай атқара жүріп, сол кездегі 11 жылдық орта білім беретін мектепті тәмәмдап, аттестат алады. Асау өмір енді өз арнасына түсті деп есептеген Кеңес Базарбекұлы одан ары білім алуды армандап, жоғары оқу орнына түсуді жоспарлап жүргенде кенеттен кезекті қиындықтар алдынан тағы шыға келеді. Туған-туыс, жақын-жұрағат ауылдан жан дегендегі жалғыз ағасы Асан қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалады. Жеңгесі екі баласын жетектеп, ағасын тастап төркініне кетеді.Соңғы туысынан айырылу – тақыр жетім қалумен бірдей. Кеңес Базарбекұлы жап-жақсы істеп жүрген қызметін тастауға мәжбүр болып, ағасын емдету үшін 1961 жылы Алматы қаласына келеді.Бәлкім, бұл да болса тағдырдың айдауы шығар, Кеңестің өмірінде жаңа бір бетбұрыс басталады. Қаладағы сол кездері Совет ауданы болған сауда орындарының біріне сатушы болып кіреді. Ағасы Асанға күрделі ота жасатып, аман алып қалуға кіріседі. Жүгірген еңбегі еш кетпей ағасы сырқатынан жазылып шығады. Кейін өзі істейтін дүкенге жұмысқа орналасады.

Кеңес Базарбекұлы осы сауда саласында 18 жыл сатушы, 17 жыл дүкен меңгерушісі болып ұзақ жылдар қала тұрғындарына лайықты қызмет көрсетті. Ұжымда абыройлы болып, өзгелерге үлгі бола білді. Осы жылдарда қаншама жастар оның ағалық тәлім-тәрбиесін көріп, мамандықтың қыр-сырын меңгерді. Өзі жастайынан қиындықты көп көргендіктен жастарға үнемі жанашырлықпен қарап, олардың тұрмыстық жағдайына баса назар аударатын. Оның талабымен санаторий, курорттарға жолдамалар беріліп, қарамағындағы қызметкерлердің бірқатары баспаналы болғаны да рас. Сол кезде әркімнің қолы жете бермейтін Жоғары партия мектебін бітіріп, үлкен ұжымның партия ұйымына жетекшілік жасады. Бір салада 35 жыл еңбек етіп,қоғамдық жұмыстарды қоса атқарып, бірнеше рет аудандық, қалалық атқару комитетіне депутат болып сайланды. Көп жылдарғы еңбегі елеусіз қалған жоқ, мемлекет тарапынан медальдармен, құрмет грамотасымен, алғыс хат, бағалы сыйлықтармен бірнеше рет марапатталды. «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты республика тұрғындарының таңдаулы адамдарына арналған кітапқа енуі де халықтың оған деген құрметінің бір көрінісі болса керек.

Кеңес Базарбекұлы қоғамда белсенді, ұжымда беделді ғана болып қойған жоқ, ол сонымен бірге мейірімді, қамқор әке еді. Өмірлік жары Зәйтуна екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірді. Оларды оқытып, жоғары білімді маман болуларына жол ашты. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып бірнеше немере сүйді.

Бүгіндер әкеміздің өткен өмірлік жолын саралап қарасақ көп нәрсені аңдауға болады. Оның жүріп өткен жолы үлкен бір мектеп іспетті. Соғыстың сол сұрапыл жылдары балалық шағына тап келіп, қабырғасын қайыстырып, әке-шеше, ағасының өлімі еңсесін езсе де қатал тағдырдың үкіміне қайсарлықпен қарсы тұра білгені – үлкен ерлік, бүгінгі біздерге үлгі, өнеге. Ол өзінің бүкіл өмірін адал еңбекпен, әділетсіздік пен жамандық атаулыға қарсы күресумен өткізгенін мақтаныш тұтамыз, ғұмырлық сабағынан ғибрат аламыз. Сенің атыңды ардақтап, өзіңе ұқсап мағыналы, мәнді өмір сүруге бар күшімізді саламыз.

**Отбасы атынан ұлы Марат КЕҢЕСҰЛЫ**

**Құрлық біріншілігінің іріктеу сындарының кестесіне сай екі матч өткізген Қазақстан футболшылары 1 ғана ұпай ұстанды.
Қомсынып қайтейік, қазіргі кезде жалғыз ұпайдың өзі жыртыққа – жамау. Келесі жылы тұтас Еуропа құрлық біріншілігіне көз тігеді. Әлгі бәйгеге барғысы келетін елдердің қатары қалың. Платинині бар, басқасы бар іріктеу кезеңдерін біршама жетілдіріп, тіпті, шабан командалардың да шағы қою жарысқа қосып алуды мақсат тұтқаны мамандар мен жанкүйерлерге мәлім. Әңгімені алыстан бастап жатқанымыздың да өз себебі бар. Егер шын ұмтылса Қазақстанның да сол додаға қатысуы әбден мүмкін еді.**



# Ойын екеу, ұпай – біреу



**Амангелді СЕЙІТХАН,
спорт коментаторы**

Мүмкін еді деп мұң шағатынымыз, біздің топтағы екі жолдаманың иесі белгілі секілді. Шашасына жаң жұқтырмайтын Бельгия мен бір шалынып, бір түзеліп өз жақтастарының жүйкесін жүндей түтетін Ресей әлгі межеге таяп қалды. Меженің – қолға тиетін қос жолдама екенін біліп отырған шығарсыздар. Қазақстан дүйсенбінің түнінде тап осы Ресей құрамасына қарсы өнер көрсетті.

Матч басталмас бұрын мұртын балта шаппайтын сарапшылар Станислав Черчесов шәкірттерін мақтай жөнелді. Мақтайтындай бар. Қазақстанға дейін Шотландияға барып, жергілікті футболшылардың апшысын қуырған ресейліктер шынында да шаппай бәйге сұрайтын шамада еді. Оған бірінші айналымдағы ойын нәтижесін қосыңыз. Қазақстан «Астана аренада» Ресей құрамасынан ойсырай ұтылған. Михал Билек сынды бас бапкер де қарсыластарының шеберлігін мойындап, барынша аз гол жіберуді малданатынын емеуріннен танытқан. Оның үстіне Қазақстан да Кипрде доп теуіп, алаң иелерімен ұпай бөлісіп қайтты.

Орайы келген екен, осы ойын туралы да екі ауыз сөз қалдырайық. Кипр өз алаңында көп ешкімге ұпай ұстата салмайды. Бұған дейінгі жолдастық кездесулерде Қазақ елінің футболшыларын жеңіп жүрді. Тұманды Альбионда Билек шәкірттерінің жеңіс күту – тым күмәнді екенін несіне жасырайық. Никосиядағы матч кезінде біз күтпеген оқиға тіркелді. Кездесудің небары екінші минутында Алексей Щетикн доп ұстаған кипрлік қорғаушыға қысым көрсетіп, әлгі қорғаушы абдырап қалып аяғында доптан айырылып қалды. Айылын жимаған Алексей команда капитаны Бауыржан Исламханға пас беріп үлгерді. «Қайраттың» жартылай қорғаушысы сол қанаттан құстай ұшқан Гафружан Сүйімбаевты желкемен сезіп, әлгі допты командалас әріптесіне тастай салды. Гафуржанның ойында не болғанын бір Алла біледі, қорғаушы допты айып алаңға таман бағыттай берді. Алексей Щеткин де сол маңда еді, қақпашыдан бұрын қимылдап есеп ашты. Бұл шынында да ел футболының жетістігі еді. Бірден шабуылға ден қойып, алғашқы минуттарда есеп ашу бізге бағына бермейтін биіктік. Кипр аң-таң. Тарпаң деп жүргендеріміз тас-талқан ұтылудың алдында тұр. Әлгі гол біздің жігіттердің де «зәресін» ұшырды ма, енді олар тек қорғанысты ойлады. Бес бірдей қорғаушымен шыққан Қазақстанға тиімдісі де сол еді. Бірақ өз қақпа маңынан келген допты қашанға дейін кері тепсін, тайм ортасынан асқанда Пиерос Сотириу таразы басын теңестірді. Үзілістен кейін де алаң иелері үздіксіз шабуылдады. Жеңіске солардың жақын болғанын несіне жасырайық. Айласын асырайық деген ой біздің жігіттерге де келмеді. Келген де шығар. Бірақ тәуекел етуге бел шыдамады.

Никосиядан Калининградқа жетті. Бұрын «Балтика» секілді тәуір командасы болған өлке қазір футболға сонша қызықпайтын секілді. Оны ойын кезінде аңғардық та. Осы бір ойын түрі де кей кезде шабыт тілеп тұрады. Шабыттандыратын – жанкүйерлер. Анығында солардың қолдауы. Матч кезінде Ресей құрамасының бас бапкері Станислав Черчесовтың қайта қайта қос қолын қолтығынан сөгіп алып, қатар шеңбер жасатып жүргені тіпті де дене қыздыруы емес. Тыншыған жанкүйерлерді қоздырып алудың амалы еді. Өкінішке орай, оны көрермендер де, футболшылары да онша түсінбеді. Осы ойынға сарапшы ретінде сөз ұстап, телеэфир арқылы елге баяндаған Али Алиев матчтың он жетінші минутында аталы сөз айтты: «Бұл командамен ойнауға әбден болады. Олар әлі Шотландияда жүр», – ғой деп. Өздері Калининградта, көңілдері Глазго, кезген Ресей құрамасын сол күні кез келген қарсылас ұтуы мүмкін еді. Тіпті, Қазақстанның да тегеурін көрсететін кезі болды. Мысалы, Дмитрий Шомконың пасын Алексей Щеткин Гильермо қақпасына бұра алмады. Михал Билек екі бірдей тың қорғаушы шығарыпты, яғни матчты тәртібіне байланысты жіберуге мәжбүр болған Гафуржан Сүйімбаев пен Кипрмен өткен кездесуде біршама жақсы ойнаған Ян Вороговскийдің орнына тиісінше Абзал Бейсебеков пен Дмитрий Шомко шығыпты. Бауыржан Исламхан мен Исламбек Қуатты да қосалқы құрамда қалдырып, Георгий Жуков пен Айбол Әбікенді ойынға қосыпты. Максим Федин де негізгі құрамнан орын алды.

Калининград – Ресей құрамасына құт болған емес. Ешқандай саяси астары жоқ. Осында былтыр Ұлттар Лигасы аясында Швециямен жасыл алаңға шығып, оған дейін жап-жақсы ойнап келген жергілікті құрама білгендерінен жаңылған. Бұл жолы да алаң иелері матчта сылбыр бастады. «Монакоға» ауысып, шеберлігін тауысып қойғандай қимылдаған Александр Головин, немесе сол қанаттың сәні болады деген сылбыр Денис Черышев, әншейінде доп үшін талаймен шын мәнінде жаға жыртысуға баратын Артем Дзюба ойынға еркін кіргіп кете алмады. Қайта біздің жігіттер қорғаныста сақ қимылдап, Ресей шабуылын тұншықтыруға тырысты. Жігітің – Юрий Жирков екен. Жіптіктей жігіт допты ұршықша иіріп, қарсыластарын қапы қалдырып, біресе қорғаныста,біресе шабуылда ойынды барынша ширатты. Марио Фернандестің де шеберлігін атап өту керек шығар. Өзгелері өкпесі өшкендей әсер қалдырды. Допты жусатып, өргізу қайда, әріптесіне пас берудің өзінде әбігерге түсті. Бірінші таймда сүреңсіз ойнаған Ресейді біздің жігіттер мойындамаса да мойындатып жіберуді жөнсіз көрген секілді.

Үзілістен кейін де ойын өрнегі өзгерген жоқ. Алаң иелері алға қарай жүгірді. Қазақстан қорғаныста жамбастап жатты. Станислав Черчесов алаңға Федор Кудряшовты шығарды. Ол қорғанысқа ие болып, Юрий Жирков Денис Черышевтің орнын басты. Сол сәтте Алексей Миранчуктың орнына алаңға Алексей Йонов шықты. Қос қанатты мықтаған бас бапкер екі қаптал арқылы қысым көрсетуді ойлаған. Бірақ Йонов мінез таныта алмады. Ильзат Ахметовты Роман Зобнин алмастырып, орта тұстан ойқастамақ болған. Оның да ойыны жүрмеді.

Билек әлгі өзгерістерді көріп отырды, әрине. Қабылдаған шешімдері кісі шошырлық еді. Мысалы, қорғаушылар әбден сілеледі. Шығару керек еді ғой, анау Ян Вороговскийді. Жоқ! Ондай жоспар мүлде болмаған секілді. Қайта шалт қимылмен танылған Жуковтың орнына Бауыржан Исламханды шығарды. Алексей Щеткиннен де пайда болмайтыны байқалды. Абат Айымбетов те соны сезгендей жаттығуын үдетіп, денесін қыздыра берді. Оны да бас бапкер қаперде ұстамапты. Максим Фединнің орнына Серікжан Мужықовты шығарды. Тағы да қателік. Ақыры тең ойынға бекіген екенсің еңгезердей Қуатты немесе доп көрсе тістей қатып қалатын Асқат Тағыберген отырды ғой. Тимур Досмағамбетов те осал емес. Билек таңдауы Серікжанға түсті. Оған да көндік. Сырғыған уақыт сексен минуттан асып кетті. Ресей екпіні күшейді. Сауатты бапкер мұндайда не істейді? Ойыншы алмастырады. Уақыт созу үшін. Тіпті, қарсыластарының жүйкесіне тигенді де дұрыс көріп. Билек былқ еткен жоқ. Сосын сексен сегізінші минут келіп жетті. Сілесі қатқан қорғаушылардан екі қателік: Әуелі – Александр Марочкин, артынша Темірлан Ерланов Жирковты баудай түсірді. Сол қанаттан жеткен айып добын Марио Фернандес Дмитрий Непогодов қақпасына бұрды. Гол!

Сырттағы екі ойыннан бір ұпай иелендік. Анығында ол үлкен жетістік. Аяқдоп әліппесін енді оқып жүрген команда үшін. Қазақстан жүз жылдан бері футбол ойнайды. Әлгі сыныпта қалып қоятын бала секілді қолымызда сол әліппе. Аяғына жетіп болмадық. Аяққа тұрып кетпеген аяқдобы бар елміз... Ептеп, түзелуді ойлаған...

***Арнайы «Қазақ үні» газеті үшін***

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ (8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН (8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА (8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ (8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН (8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ (8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР (8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен–жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E–mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор – Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген